

**«Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің білім басқармасы»  
коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің «Білім саласындағы  
әдістемелік жұмыс және  
ақпараттық технологиялар  
орталығы» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі**



**Коммунальное государственное  
учреждение «Центр методической  
работы и информационных  
технологий в сфере образования»  
коммунального государственного  
учреждения «Управление  
образования акимата Северо-  
Казахстанской области»**

Кіші жастағы зерттеушілер

Әдістемелік кітапша

Петропавл 2021ж.

**«Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің білім басқармасы»  
коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінің «Білім саласындағы  
әдістемелік жұмыс және  
ақпараттық технологиялар  
орталығы» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі**



**Коммунальное государственное  
учреждение «Центр методической  
работы и информационных  
технологий в сфере образования»  
коммунального государственного  
учреждения «Управление  
образования акимата Северо-  
Казахстанской области»**

**Кіші жастағы зерттеушілер**

**Әдістемелік кітапша**

**Петропавл 2021ж.**

## **ББК 74.202.21**

### **A17 (каз.)**

Рекомендовано решением экспертного совета КГУ « Центр методической работы и информационных технологий в сфере образования» протокол № 4 от 30.04.2021года

«Білім саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы» КММ 2021 жылғы 30.04. № 4 хаттамасы

### **П-4-13**

#### **Пікір жазғандары:**

1. СҚМУ профессоры, филология  
Ғылымдарының АС жөніндегі проректордың м.а.  
Таласпаева Жанар Серкешовна
2. Қарағанды қаласы, № 97 гимназияның бастауыш  
сынып мұғалімі, педагог – зерттеуші  
Жашенова Дария Максұтовна

**Құрастырушы:** Абуева Райса Турлыбекқызы - КММ  
«Сафуан Шаймерденов атындағы қалалық классикалық  
гимназия» бастауыш сынып мұғалімі

**A17** Аталмыш көмекші құралда берілген теория мен факультатив сабақ жоспары және оқушылардың жазған зерттеу жұмыс үлгілері оқушылардың білім,білік дағдыларын және шығармашылық,ізденушілік қабілеттерін қалыптастырады. Ғылыми жұмысты жазу барысында балалар есте сақтау,ізденімпаздығы артады.Бастауыш сынып оқушыларының мұғалімдері үшін жасалған жұмыс жүйелі жүргізілсе оқушының бойындағы дарындылығын ашуға болады.

## МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе _____	5-7
II. Теориялық бөлім _____	8-15
III. Бастауыш сынып оқушыларының ғылыми - шығармашылық, зерттеушілік ізденісін қалыптастыру _____	15-22
IV. Қорытынды _____	23
V. Қолданылған әдебиеттер _____	24
VI. Тәжірибелік бөлім _____	25-95
VII. Қосымша _____	96-117

**Бала еш уақытта іссіз отыра алмайтын болғандықтан, балаға ылғи пайдалы іс беріп отыру керек. Сол уақытта бала өмір бойы пайдалы іске әдеттеніп кетеді**

М. Жұмабаев

### **Кіріспе**

Білім - ел қазынасы, халқымыздың білімділігі еліміздің байлығының ең маңызды бөлігі десек, білімнің негізі мектепте, яғни бар ғылымның бастауы - мектеп, «Елдің келешегі бүгінгі жастардың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры - ұстаздың қолында» деп Елбасы бізге үлкен міндет артып отыр. Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орны, ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы болатын - ұстаз қолында, сондықтан да біздің басты мақсатымыз - білім сапасын жақсарту.

Қазіргі таңда білім берудің әлеуметтік құрылымы маңызды элементтердің біріне айналып отыр. Дүниежүзінде білімнің рөлі артып, әр елдің өзіндік білім беру жүйесі тағайындалған. Бірақ, ол әлем халықтарының білім берудегі тәжірибесімен, бағыт - бағдарымен деңгейлес болуы қажет. Қазақстан Республикасындағы үлкен өзгерістердің білім беру саласында қамтылуы маңызды іс - шара болып табылады. Осы орайда білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудағы маңызды құжат екендігі сөзсіз.

Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру. Қазіргі кезеңде білім беру жүйелерінде қайта құру жүріп жатыр, білім беру жүйелерінің жаңа ұлттық моделі құрылуда.

Дарынды балаларды тану - нақтылы бір баланың дамуын талдаумен байланысты ұзақ үрдіс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес (мысалы сынақтан өткізу). Дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында біртіндеп, сатылап анықтау қажет.

Дарындылықтың табиғаты шексіз. Осы дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі ең тиімді болып есептеледі.

Зерттеушілік, ізденушілік - бала табиғатына тән құбылыс. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез.

Педагогикалық үрдісте балалардың дарынын ашуда оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығы қажет. Зерттеу білігі мен

дағдысы тек ғылыммен айналысатын адамға ғана емес, сондай-ақ әр адамның түрлі саладағы қызметіне қажет.

Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес, өзі ашады.

Дарынды оқушының ізденушілік қасиетін қалыптастыру оқытудың түрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаны дамытып қалыптастыру үшін олардың өзгермелі әрекеттерін айналадағы нақты құбылыстар мен таныс объектілерді зерттеумен байланыстырудың маңызы зор. Дарынды балаларды тану бастауыш сыныптан-ақ бақылаудан, психологиялық ерекшеліктерін, сөз сөйлеуін, есте сақтау қабілетін, логикалық ойлауын зерттеуден басталуы тиіс. Дарынды және қабілетті оқушылармен жұмыс, оларды іздеу, табу және дамыту мектеп қызметінің маңызды аспектілерінің бірі болуы керек.

**Ары қарай дарынды балаларға берілген келесі анықтамаға арқа сүйетін боламыз:**

- Көпшіліктен салыстырғанда әлдеқайда жоғары интеллектуалдық қабілеттері, оқуға деген алғырлығы, шығармашылық мүмкіндіктері мен танытулары бар;
- Басымды белсенді, қанықпаған танымдық қажеттілігі бар;
- Білімді меңгеруден, ой еңбегінен қуаныш алады.

Солардың ішіндегі ең тиімдісі (зерттеуге оқыту) - оқушылардың ғылыми қоғамын ұйымдастыру.

Сондықтан мектеп оқушыларының дарындылығын дамыту жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру басты мақсат, ғылыми-шығармашылық проблема болып табылады.

Тақырыпты таңдағанда «Мені не қызықтырады?» - деген сұраққа жауап беру керек.

Тек мұғалім оқушыға жоба жаза алатынын және жақсы идеялардың барлығы да жазу кезінде болатынын түсіндіріп, оқушының жазуға деген қызығушылығын арттырса сонда бала зерттеу жұмысын жазуға талпынады.

Зерттеу жұмысымен айналысу, шығармашылық жоба жазу оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдай алу қабілетін қалыптастырады. Оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға көмектеседі.

Оқушыны ғылыми - зерттеу жұмысына қатыстыру үшін алдымен, оны қызықтыра отырып, зерттеу талабын қалыптастыру

керек. Яғни оқушы ақпаратты ала білуге, оны басқаларға хабарлай білуге талпынуы тиіс. Ең алдымен оқушыны өздігінен шешім қабылдауға, ақпараттар алуға, оны басқаларға жеткізе білуге үйрету қажет.

## II. Теориялық бөлім

Қазіргі білім мен тәрбиенің негізгі бағыты жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру, тұлғаның «Мен» менталитетін қалыптастыру, өзін - өзі тану, өзін - өзі дамыту мәселесінің айналасында болып отыр. Расында да, тұлғаға дұрыс бағыт беру, даму, қалыптасу аймағына енгізу, өз белсенділіктерін туғызу, өзін - өзі тәрбиелеу іс - әрекеттерін ықпал ету ұстаздар алдындағы жауапты міндет.

**Осы үрдістегі мұғалімнің ролін төмендегіше саралауға болады:**

диагностикалық жұмыстар арқылы психологиялық ерекшеліктерін ескере отыра, ғылымға икемді, дарынды балаларды анықтау

тәрбие жұмыстары арқылы оқушылардың ғылымға деген жағымды көзқарасын қалыптастыруға түрткі жасау

танымдық белсенділіктерін дамыту үрдісінен іздену

Оқушылардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыру - оларды ғылыми - ізденіс аймағына енгізудің басты жолы.


Оқушылардың ғылыми қоғамы мұғалімдермен бірлесе отырып, балалардың ынтасы, қабілеттерін ескеріп, өз қалауларына жол ашып, іздену, зерттеу тақырыптарын алуды ұйымдастыру, ғалымдармен тікелей байланыса отырып, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуі керек.

Оқушыларды ғылыми ізденіске баулу мақсатында «Мен - зерттеушімін» , «Мен - жобалаушымын» деген дәптер арнату. Дәптерге оқушылар ғылым әлеміне енудің түрлі жолдарын жазады, ұлы ғалымдар еңбегі, өмірінен мәліметтер береді. Оның маңызы оқушыларға практикалық та, теориялық та көмек бере алатынында. Ол әр баланың алдында жатады. «Мен - зерттеушімін» тақырыбында оқушылармен «дөңгелек үстел», әңгімелер өткізуге болады. Алғашқы әңгімелерде «ғылыми жұмыстардың түрлері» сөз болады. Бұл жұмыстың тиімділігі оқушылардың ғылым туралы ұғымдарын кеңейтуге ықпал етіп, іздену, зерттеу жұмыстарының түрлерімен таныстырады. Жалпы айтқанда, педагогикалық ұжым дербес ойлап, кез келген



жағдайда шешім қабылдай алатын, дүниетанымы терең, жан - жақты дамыған шәкірттер тәрбиелеуді көздейді.

Мектепте дарынды баламен жұмыс жүргізуге ерекше назар аударылу керек.. Балаларды ғылыми - ізденіске, ғылыми жоба қорғауға баулу арқылы білімдерін тереңдету ісі жүруі тиіс. Оны - әлемдік білім кеңістігіне ену жолындағы тұлғаны дамыту аймағына кіргізу мақсатындағы бір қадам деп есептеуге болады.



**Оқушыларды ғылыми жоба жарыстарына дайындауда мынадай мәселелерге ерекше көңіл бөлу қажет:**


- Тақырыптың ғылыми құндылығы;
- Таңдаған тақырыпты ашудағы оқушы еңбегінің сипаты, қосқан үлесі;
  - Көрнекілігі мен ұсынылған материалдың сапалылығы;
- Ойын ұтымды, жағымды жеткізе алуы, сөйлеу мәнері, өзін ұстауы, аудиторияны тартуы;
  - Жұмыстың көркем безендірілуі.

Оқушылардың бойында дарындылық қасиеттерін, ізденімпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық ой, пәндік апталықтар мен үйірмелер, факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, таңдауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Мектептегі пәндік сайыстар, түрлі шығармашылық кештер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, оң нәтижеге жетуге ықпал етеді. Қазіргі таңда оқушылардың

зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін оқушыны неге үйрету керек, қалай үйрету керек, әлде оны өзі үйрене ала ма?

### Оқушыларды зерттеу жұмысын жүргізуге үйрету үшін

:



Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін осы күнге дейін жинақталған тәжірибесін оқу әрекеті арқылы дамыту қажет. Сол әрекеті білік, білім дағдыларын қалыптастырады. Кез келген тапсырманы оқушы орындау жағдайында іздене бастайды. Өз бетімен әрекет жасап, шешім қабылдау арқылы белгілі бір нәтижеге жетеді. Баланы зерттеу жұмысына дайындау, оны зерттеушілік ізденіс дағдылары мен іскерлігіне үйрету қазіргі білім берудің маңызды міндеті болып отыр. «Зерттеу» түсінігі «Үлкен кеңес энциклопедиясында» «жаңа білім шығару процесі және танымдық қызметтердің бір түрі болып табылады» деп беріледі. Танымдық қызмет үйренушілерге қолданғанда шығарушы «өнімсіз» және білімді қайта құру (шығармашыл, зерттеушілік) болуы мүмкін. Бала-табиғатынан зерттеуші, зерттеушілік ізденіс - табиғатпен берілетін қасиеттің ажырамас бөлшегі. Жаңа әсер алу, көп білуге құштарлық, үнемі қадағалауға және эксперимент жасауға ұмтылу, әлем туралы жаңа мәліметтерді өз бетінше іздеу бала мінезінің маңызды белгілері ретінде қарастырылады. Зерттеушілік, ізденушілік белсенділік - баланың табиғи жағдайы; ол әлемді танығысы, білгісі келеді. Баланың бұл табиғи белсенділігі зерттеушілік мінез - құлықтың мәні. Балаларды оқытуда зерттеушілік әдісті қолдану қажеттілігі балалардың табиғатынан көп білгісі келетіндігімен, қоршаған ортаны түсіну қызығушылығымен түсіндіріледі. Оқушылардың өзіндік зерттеулері олардың жеке - дара қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыруға ықпал етеді. Бұдан басқа, өзіндік

зерттеулер интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерді, ойлау және зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Өз бетінше зерттеудің көмегімен оқушылар қоршаған әлемді тани отырып, өздеріне жаңа білімді дайын күйде алмай, ашады. Зерттеуші - оқушы өзінің табиғатынан зерттеуге бейім келеді. Білуге құмарлық, өзінше эксперимент жүргізу баланың балалығымен бірге жүретін процесс. Зерттеу, іздеу белсенділігін - баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс. Зерттеушілік әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі. Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандырумен көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Одан басқа, өз бетінше зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі үшін жаңа білім ашады. Жаңа технологияны меңгеру оқушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін - өзі дамытып, оқу - тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Белгілі психолог

Л.С. Выготский: «Дұрыс ұйымдастырылған оқыту процесі ғана баланың жеке басының дамуын ілестіре алады,» - дейді. Сондықтан оқыту процесі жаңа инновациялық әдістер мен жаңа технологияларды пайдалануға итермелейді. Инновация деген ұғым латын тілінде жаңарту, жаңалық, өзгеріс енгізу деген түсінікті білдіреді. Оның мәні - білім беруге және өздігінен білім алуға негізделген қабілетті дамытады. Ал инновациялық оқыту дегеніміз - жаңалықты ашу, оны игеру және өмірге енгізу. Қоғамдық дамудың жаңа кезеңінде мектепте білім беру жүйесі көптеген өзгерістерге ұшырауда. **Оған себеп:**

- ақпараттық технологияның жедел дамуы;
- жаңа типті мектептердің пайда болуы;
- дарынды балалармен жұмыс істеу бағдарламасының дүниеге келуі;
- балаларды шет елдерге оқыту мүмкіндігі туды.[2: 4-6]

Жалпы ғылыми- зерттеушілік жұмыстарға қабілетті, көбінесе шапшаң, тез ойланатын, көп көлемде білім меңгеретін, оны ұзақ уақыт ұмытпайтын және олардың түсінігі өте жоғары, сезімтал, ойға алған нәрсесін, алдына қойған мақсатын қалай да орындауға тырысатын, адамгершілік сезімі ерте дамыған, моральдық қасиеттерге өте бай, қиял күші басым оқушылармен жұмыс жасаймыз.

**Оқушылардың тәрбиелік және ғылыми- зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін басты мына мәселелерге тоқталған жөн:**



Қабілетті оқушыларды ерте айқындау, оларды тәрбиелеу білім беру жүйесін жетілдірудегі негізгі міндет болып табылатынына бүгінгі таңда ешкім күмән келтірмейді. Арнайы бағдарда оқыту тәсілінің негізінде зерттеуші оқушыларға практикалық көмек көрсету , психо - диагностикасын жүргізу, қабілеттерін зерттеу арқылы жақсы нәтижелерге жетуге болады. Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, зерттеушілік қызметке баулу, ізденушілік қасиеттерін жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің маңызы зор. Үйірме жұмыстарын, оқушылардың қай пәнге деген бейінділігін анықтап, олимпиадаға дайындау, конференция , КВН, дәстүрлі емес сабақ түрлерін жүргізуді ұйымдастыру жұмыстарын өзін - өзі басқару әдісі бойынша жүргізу керек.

Оқушылардың қабілеттерін артыруда , логикалық ойын пайдалану үшін және зерттеушілік қызметін жандандыру да жаңалық ашуға жетелейтін жолдың бірі - өздігінен тапсырма құрастыру. Тапсырма құрастыруда оңайдан бастап, біртіндеп күрделендіре түскен пайдалы. [1: 8-9]

Бүгінгі таңда жеке тұлға, яғни зерттеушілік тұлға қалыптастыру білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы болып отыр. Осы жолда педагогикалық технология оқыту мақсатында жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Оқытудың жаңа технологиясы іс - әрекеттің жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастырылатын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Оқушылармен ғылыми - зерттеу жұмыстарын дамыту үшін өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болғандықтан сабақ барысында кеңінен соңғы кезде деңгейлеп оқыту, дамыта оқытудың модульдік әдісін жиі пайдалану өте тиімді. Бұл әдіс

педогогика ғылымының докторы, профессор Ж. Қараевтың тұжырымдамасы негізінде жасалған.

Жалпы оқушылардың тәрбиелік және ғылыми - зерттеу жұмысындағы жаңашылдықты қалыптастыру үшін зерттеу топтарын құру өзектілігі мынаны білдіреді:

- біріншіден, оқушылардың үрдісін демократияландыру және ізгілендіру. Бұл оқушының тұлғалық әлеуетін аша түсуге қажетті жағдай туғызады;

- екіншіден, оқушының оқу және тәрбиелік деңгейін анықтайтын педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту міндеттері;

- үшіншіден, оқушының білімін арттырудағы мектепшілік жүйесінің қажеттілігі. Оқушылардың мүмкіндіктерін айқындап, инновациялық тәрбие мен ғылыми - зерттеу жұмыстарын қолдану саласын және ынталандыру әдістерін анықтау керек. Мұндағы зерттеу қызметі шығармашылық ізденіс бағдарламасын жасау, қазіргі заманғы әдебиеттерді оқып-үйренуге, оқыту мен тәрбиелеу нәтижелерін жасау, оқушылардың даярлық деңгейін және олардың жас ерекшеліктерін есепке ала отырып даму динамикасын анықтауға мүмкіндік береді. [1:10-11]

Міндеттері:

- Оқушының жек ерекшелігі мен қабілетін зерттеп, зерделеу;

- Шығармашылық- ғылыми ізденіске өзіндік зерделігін дамуын назарда ұстау;

- Оқушының өз бетінше әрекет етуіне мүмкіндік беру.

Осы зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру нәтижесінде оқушыларды ғылыми жоба жазып, зерттеушілік сайыстарға қатысып, дарындылықтарын шыңдауға болады.

**Ғылыми жоба жарыстарына дайындауда төмендегі мәселелерге ерекше көңіл бөлу керек:**

1. Тақырыпты қабілетіне қарай таңдау ;

2. Аталған тақырыпты ашудағы шәкірт еңбегінің сипаты, қосқан жеке үлесі; 3.Шешендік сөз саптауы, сөйлеу мәнері, ойын ұтымды, жағымды жеткізе алуы, өзін ұстауы, аудиторияны тартуы;

4. Көрнекілігі мен ұсынылған материалдың сапалылығы;

5.Жұмыстың көркем безендірілуі.

Оқушының дарындылығын әлеуметтік қажеттігіне сай ғылыми негізінде дамытудың шарттарын анықтап, оны қанағаттандыруда оқушылар ұжымының дайындық деңгейінің, дәрежесінің диагностикалық әр кезеңде жүргізу керек, себебі, ғылыми - зерттеу жұмысының екінші, үшінші кезеңдері осыны міндетті түрде талап етеді, өйткені, бұл оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты. Ғылыми - зерттеу жұмысымен

айналысатын оқушыны қалыптастыру жолындағы басты мақсат қоғамдық өмірге бейімделген интеллектуалды жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. [80-81]

Ғылыми - зерттеу жұмыспен айналысатын дарынды оқушымен жұмыс жүргізу үшін тақырыпты талдауға ақыл-кеңестер беріп, ғылыми - зерттеу орындарымен таныстырып, пайдаланатын әдебиеттерді іздестіру жолдарын көрсету керек. Сонан соң тақырыппен жұмыс жүргізу жолдары, архив материалдарын пайдалану, газет - журналдар тігінділерімен жұмыс істеу, қариялар аузынан фактілер жинақтауды ұғындыру қажет. Білім ғана адамды адам етеді, жетілдіреді және сақтайды. Білім таусылмайтын байлық. Ғылыми - зерттеу жұмыстары оқушының интеллектуалдық дамуының өсу деңгейін арттырады. Ғылыми сипаттама беруді үйренеді. Ғалымдардың тәжірибесіне негізделген материалдарды іздестіріп, танымдық белсенділігін арттырады. Ғылыми еңбектермен жұмыс жасау әдістерін меңгереді. Ғылыми жұмыстардың теориялық және тәжірибелік аспектілерін шешуде шығармашылық белсенділік көрсетіп, ғылыми нәтижесін алады. Қоғамдық өмірге бейімделген интеллектуалды жеке тұлға қалыптасады. Еліміздің ғылыми дәрежесін жоғары деңгейде көтеретін ұрпақ даярланады.

**Оқушылардың тиімді ғылыми - зерттеу ізденіс жұмысына осы айтылғандардың беретіні:**

а) Ғылыми - зерттеу жұмысы әрдайым ізденіске жетелейді және оны шығармашылық түрде орындайды;

ә) Күнделікті ғылыми - зерттеу жұмысына әсер ететін өзіндік білімін жетілдіреді;

б) Алған білімнің әртүрлі ғылыми - зерттеу жағдайларына пайдалана білуге және ұтымды нәтиже алуға бағыт береді. [5:7-8]

Жеке тұлғаны қалыптастыруын дамыту мен оған жан-жақты терең білім беру мақсатында баланы оқыта отырып оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыра отырып, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру жолында неғұрлым тиімді шараларын енгізу бүгінгі ұстаздың жауапты істері болу керек. Мұндай бағыттағы шараларды жүзеге асыру үшін жоғарыда айтып кеткендей бүгінгі күн талабы - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғылыми коммуникациялық желілерге шығу екендігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында белгіленген. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім» - деп ұлы жазушы М.Әуезов айтқандай, Қазақстанның өркениетті әлемге қол созып, бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына бірігудің басты тетігі - білім екендігі анықталған. Қорыта келе, жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыту тәрбие мен оқытудың бірлігін сақтай отырып, сабақты шәкірт

жанының ішкі қуатының оянуына ықпал жасайтындай етіп ұйымдастыру, оқу процесінде әрбір оқушының бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды қарым - қатынасына түсіру арқылы дамыту және оларды білім, білік, дағдылар негізінде қалыптастыру. Гуманист - педагог Я. Корчактың сөзімен айтқанда «Оқушыны ең алдымен көруге, түсінуге және сүйуге үйрету қажет, оқуға үйрету одан кейін келеді». Шындығында, оқушының білім алу процесінде жеке тұлға ретінде дамуы, қалыптасуы оқу мен тәрбиенің ұштасып, біртұтас процеске айналған жағдайында жүзеге асады.

### **III БӨЛІМ: Бастауыш сынып оқушыларының ғылыми-шығармашылық, зерттеушілік ізденісін қалыптастыру.**

Білім беру жүйесінің қайта жаңартылуы баланың шығармашылық дарындылығын тануға және болжам жасауға жаңа көзқарасты талап етуде. Мектептің де негізгі мақсаты - оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау, білімді өз бетінше меңгерту, оқушылардың өмірге деген көзқарасын қалыптастыру және интеллектуалдық іс - әрекетке әзірлеу. Сонымен бірге, жаңаша оқыту жолдарын тауып, оны дамыту мен қалыптастырудың алғы шарттарын іске асыру. Мектебімізде әдістеме саласындағы ғылыми жаңалықтар мен озық тәжірибелерді жетік игеру, оқу процесін технологияландыру бағытында шығармашылық топтар жұмыс істейді: дамыта оқыту технологиясы, интерактивті оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, деңгейлеп оқыту технологиясы. Шығармашылық топтардың басты мақсаты оқу процесінде оқушылардың оқуға қызығуын арттыру, өздігінен білім алуға құштарлығын дамыту, оқушының мүмкіншіліктерінің ашылуына қолайлы жағдайлар жасау жұмыстарын шебер, тиімді ұйымдастыруға мұғалімдерге бағыт - бағдар беріп, көмектесу. Оқушыны шығармашылыққа баулу үшін оның танымдық қызығушылығын арттыру бағытында едәуір жұмыстар жүргізілуде. Оны төмендегі сызбадан көруге болады: шығармашылық, зерттеушілік ізденісін қалыптастыру. Мен бастауыш сынып мұғалімі ретінде оқушыларды ғылыми жұмысқа тартуды мақсат тұтамын. Оқу - тәрбие бағытындағы барлық өзгерістерді қамтып, озат педагогикалық тәжірибелерді зерттеп, жаңа тұжырымдар жасасақ, бұл бағытта оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулитын, таным белсенділігін арттыратын түрлері қажет - ақ. Солардың бірі - оқушылармен жүргізілетін ғылыми орталық аясындағы зерттеу жұмыстары болмақ. Осы бағытта «Ғылыми зерттеу жұмыстарының» бағдарламасын даярлаймын. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында тақырыптар таңдауға ұсынамын. Өзімнің

оқушыларым «Астана - бас қала», «Кока коланың формуласы», «Орбит сағызының пайдасы мен зияны», «Су - тіршілік көзі», «Күнбағыс майының құпиялары», «Қазақтың қара есептері», «Қазақ, орыс, ағылшын ертегілеріндегі кейіпкерлер», «Су тазарту жүйесі» тақырыптары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп мектепшілік, қалалық, облыстық, республикалық ғылыми - зерттеу байқауларына қатыстық. Бұл жұмыстардың бірі ең төмен дегенде қалалық кезеңде I, III орынға ие болса, ең жоғарғы нәтиже - облыстық кезеңінің I, II, III дәрежелі дипломы және республика деңгейінде «Зерде» зерттеушілік сайыста I, II дәрежелі дипломдар алдық. Жұмыстарды жүргізу барысында оқушыларды өз бетімен көп ізденуге, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, зерттеуді үйретуге тырысамын. Кез келген тақырып бойынша ең алдымен сол тақырыптың тарихына көп көңіл бөлуді қадағалаймын. Себебі, шығу тарихын зерттеп алмай кез келген дүниенің сырын түсіну мүмкін емес. Осыдан кейін тақырып бойынша жан-жақта зерттеулер жүргіземіз, барлық қыр - сырын ұғынуға тырысамыз, ғалымдардың осы тақырып төңірінде жүргізген зерттеулерін талдаймыз. Сонымен қоса тақырыпқа сай қызықты деректер жинақтаймыз. Осы жұмыстарды жүргізіп болған соң өз тарапымыздан қандай жұмыс жасау керектігін (сауалнама, сұхбат, тәжірибе, т.с.с.) айқындап алып соған кірісеміз де нәтижесі бойынша талдау, анализ жасап, қорытынды шығарамыз. Осы жұмыстардың барлығын орындау кезінде дарынды, «зерттеуші» оқушылардың ата - аналарымен тығыз байланыс жасаймын. Бұл да өте қажет, себебі ата - ананың қолдауы баланы «қанаттандырады». Ізденуші оқушылар өз тақырыбының ерекшеліктерін, өзектілігін, маңыздылығын сезіне отырып түрлі әдіс - тәсілдер арқылы өзін қанағаттандыратын нәтижеге жетіп отырады. Ізденіс барысында оқушыларға шығармашылық мүмкіндіктер беріледі. Оқушылар дүниетанымын мүмкіндігіне қарай, ғылыми түрде тапсырмалар беріледі. Мұғалім мен оқушы бірлесе отырып, ғылыми жұмыстың көкейкестілігін, шығармашылық аясын айқындады, осы міндеттер бойынша оқушылармен қосымша ізденуге жағдай жасай алады.

**Осы жұмыс барысында ғылыми жұмысты жүргізудің теориялық принциптерін пайдаланып, жұмыстанып келемін.**

1. Ғылыми жұмысты ұйымдастыруда белгілі бір тақырып бойынша көмек көрсетемін, қосымша мағлұматтар беремін.
2. Ғылыми бағыт бойынша зерттеу материалдарының тізбесін жасаймыз және сұрыптаймыз.



3. Жұмыстың өміршеңдігіне мән беріп, ортамен байланысына көңіл бөлу.


4. Зерттеу кезеңдері бойынша қолданатын әдіс - тәсілдерді анықтаймыз.

5. Оқушының жұмыс барысындағы жеке қолтаңбасы, жаңалық қыры, шығармаларын талдай білуі ескеріледі.

6. Жұмыстың соңында қорытындылар мен пайдаланылған әдебиеттердің тізіміне көңіл бөлінеді. Ғылыми - зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, дамыту - оқушы шығармашылығын қалыптастырудың нақты жолдарының бірі екенін де естен шығармау қажет. Бұл жұмыс заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, қажетті бағдарлы базаларға еніп, деректер қорымен жұмыс жасауды қамтамасыз етеді. Қазіргі оқытушының басты қызметі - білім беру мен жеке тұлға тәрбиесін сабақтастыру болса, оқушылармен ғылыми - зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы олардың өзін - өзі дамыту, шығармашылық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастырылады. Сондықтан мұғалім оқушының қабілеттерін дамыту, талантты балалардың талабын ұшқырлау мақсатында заман талабына сай, жаңа технология қолдану арқылы жұмыс жасау керек деп есептеймін. Соның ішінде, бастауыш сынып оқушысына ғаламтормен жұмыс жасауды үйрету, өз бетімен сауалнама, сұхбат жүргізіп, оларды видеоға түсіріп, оларға талдау жасалуын, нәтижесі бойынша қорытынды жасай білуін қадағалау керек. Қай жұмысты болсын қызығушылықпен, ынтамен жасаса нәтиже шығатыны анық. Ал біздің кішкентай білгірлерімізді қызықтыру, ынталандыру өз қолымызда. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін дамыту - өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі таңда оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін оқушыны неге үйрету керек, қалай үйрету керек, әлде оны өзі үйрене ала ма?

## Оқушыларды зерттеу жұмысын жүргізуге үйрету үшін

:



**Зерттеу жұмысы жүргізу бастауыш сынып оқушыларының төмендегідей іс - әрекеттерді жасауға мүмкіндік туғызады :**

- өзін қызықтырған сұрақтарға жауап іздеу;
- іздену барысында түрлі тәсілдер қолдану;
- өз пікірін, ойын ашық айту;
- өз бетімен қорытынды жасау;
- өзі үшін жаңалық ашу.
- қызығушылығын қанағаттандыру.

Жалпы білім беретін оқу орындарында оқушылар білім түрлерін оқып үйренгенмен, сол білімдерін практика жүзінде дұрыс пайдалана алмайды. Бұл кемшіліктердің орнын оқушыларды ғылыми - ізденушілік жұмысқа баулу арқылы толтыруға болады. Оқу үрдісіндегі ізденушілік бағыт оқушылардың теориялық білімдерін практикалық білік-дағдылар арқылы бекітуге мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, алдарына нақты мақсаттар қоюға, оны орындау әдіс-тәсілдерін тандай білуге үйретеді.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін осы күнге дейін жинақталған тәжірибесін оқу әрекеті арқылы дамыту қажет. Сол әрекеті білік,білім дағдыларын қалыптастырады. Кез келген тапсырманы оқушы орындау жағдайында іздене бастайды. Өз бетімен әрекет жасап, шешім қабылдау арқылы белгілі бір нәтижеге жетеді. Баланы зерттеу жұмысына дайындау, оны

зерттеушілік ізденіс дағдылары мен іскерлігіне үйрету қазіргі білім берудің маңызды міндеті болып отыр. «Зерттеу» түсінігі «Үлкен кеңес энциклопедиясында» «жаңа білім шығару процесі және танымдық қызметтердің бір түрі болып табылады» деп беріледі. Танымдық қызмет үйренушілерге қолданғанда шығарушы «өнімсіз» және білімді қайта құру (шығармашыл, зерттеушілік) болуы мүмкін. Бала - табиғатынан зерттеуші, зерттеушілік ізденіс - табиғатпен берілетін қасиеттің ажырамас бөлшегі. Жаңа әсер алу, көп білуге құштарлық, үнемі қадағалауға және эксперимент жасауға ұмтылу, әлем туралы жаңа мәліметтерді өз бетінше іздеу бала мінезінің маңызды белгілері ретінде қарастырылады. Зерттеушілік, ізденушілік белсенділік – баланың табиғи жағдайы; ол әлемді танығысы, білгісі келеді. Баланың бұл табиғи белсенділігі зерттеушілік мінез-құлықтың мәні. Балаларды оқытуда зерттеушілік әдісті қолдану қажеттілігі балалардың табиғатынан көп білгісі келетіндігімен, қоршаған ортаны түсіну қызығушылығымен түсіндіріледі. Оқушылардың өзіндік зерттеулері олардың жеке-дара қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыруға ықпал етеді. Бұдан басқа, өзіндік зерттеулер интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерді, ойлау және зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Өз бетінше зерттеудің көмегімен оқушылар қоршаған әлемді тани отырып, өздеріне жаңа білімді дайын күйде алмай, ашады. Зерттеуші - оқушы өзінің табиғатынан зерттеуге бейім келеді. Білуге құмарлық, өзінше эксперимент жүргізу баланың балалығымен бірге жүретін процесс. Зерттеу, іздеу белсенділігін - баланың жаратылысына тән табиғи құбылыс. Зерттеушілік әдісін қолдану қажеттігі оқушының білім алу процесінде қоршаған ортасына қызығушылығымен, сүйіспеншілікпен қарауымен түсіндіріледі. Оқушының өз бетінше зерттеу жүргізуі оның жеке талабын қанағаттандырумен көкейінде жүрген сұрақтарға жауап табуға үлкен ықпал етеді. Одан басқа, өз бетінше зерттеу жүргізу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеті мен ойлау, зерттеу білігінің дамуына мүмкіндік туғызады. Оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу арқылы қоршаған ортасын тани алады, жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі үшін жаңа білім ашады.

**Зерттеу жұмысы жүргізу бастауышынып оқушыларынын төмендегідей іс-әрекеттерді жасауға мүмкіндік туғызады :**

- өзін қызықтырған сұрақтарға жауап іздеу;
- іздену барысында түрлі тәсілдер қолдану;
- өз пікірін, ойын ашық айту;
- өз бетімен қорытынды жасау;
- өзі үшін жаңалық ашу.

- қызығушылығын қанағаттандыру.

Демек, оқушы өз бетінше жұмыс жасауды үйреніп, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыта түседі

Қазіргі әлемдік өркениетте әлеуметтік-экономикалық жағдайға сәйкес білімділік мақсаттарды стандарттау, білім берудің бағыты тұлғаның құзыретін жалпы дамыту үшін, ең алдымен оның жеке түйінді құзыреттілігіне негізделген оқушының дарындылық, ғылыми - зерттеу жұмыстарында қабілеттерін анықтай отырып, тәрбиелеу айқындалып отыр. Бүгінгі бала - қоғамның ертеңгі мүшесі. Сондықтан баланың шын мәнісіндегі адам болып қалыптасуы, қыруар уақыт пен тер төгетін, зор еңбекті қажет ететін, ауқымы кең, жауапкершілігі мол жұмыс. Қазіргі заман талабына сай оқыту мен тәрбиелеудің түрлерін жедел игеріп, кәсіби шеберлікті ұштап отыру парызымыз. Оқушыларға тиянақты да, сапалы білім беру ол ізденіс арқылы, оқушының құштарлығы мен қызығушылығы арқылы, сабақта жаңашылдық әдстерді пайдалану арқылы оқушыларды өздігінен еңбек етуге, алған білімін жаңа материалдармен ұштастыра білуге дағдыландыру. Ғылыми жұмыс жазу барысында оқушының бойында ізденіс әрекетін ұйымдастыру, проблеманы тану және оны шеше білу дағдысын қалыптастыру керек.

**Тәрбие және зерттеу барысына қойылатын талаптар:**

- оқушылардың ойлары мен түсініктерін қалыптастыруға көмектесу, оларды ашық айтуға үйрету.

- оқушыларды өзінде бар түсініктерді қарама - қайшы құбылыстармен ұштастыру.

- алдын ала болжау, тұспалдау, альтернативті түсінік бере білуге үйрету.

оқушыларға зерттеу жұмыстарын еркін және оңаша жағдайда, әсіресе, шағын топтарда талқылау арқылы жүргізуге мүмкіндік беру.

- оқушыларға алған мағлұматтарын кеңінен пайдалануға және оларды қолдану мүмкіндігін бағалай білуге мүмкіндік беру.

**Ғылыми - зерттеу жұмыстарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда қолданылатын әдіс - тәсілдер:**

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау;
2. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру;
3. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу;
4. Әңгімені салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу;
5. Қиялдау арқылы сурет салу;
- 6.Өлең шумақтарын құрастыру;
7. Мәтін, әңгіме, ертегіні өз бетінше аяқтау;

8. Әр түрлі тақырыпта пікірталас, сайыс өткізіп, алған әсерлерін шығарма етіп жаздыру.

Мектеп оқушыларын ғылыми-ізденіске баулу 2000 оқу жылынан бері жүргізіліп келеді. Жыл өткен сайын әр түрлі пәннен ғылыми жоба жарысына қатысушылар саны көбеюде. Соңғы жылдары мектебімізде де ғылыми-практикалық конференция өткізіліп жүр.

**Оқушымен шығармашылық жұмыс бастамас бұрын мұғалім өзіне төмендегідей талап қойғаны дұрыс:**

1. Дарынды баланы анықтауда психологпен бірлескен жұмыс жасау;
2. Ата - анасымен педагог ретінде сөйлесе білу;
3. Дарынды балаларға арнайы бағдарламалар жасау;
4. Дарынды балаға шығармашылықпен жұмыс істеу үшін жаңа, тың тапсырмалар беру, орындалуына талап қою;
5. Жаңа технология элементтерін сабақта пайдалану;
6. Тапсырманың орындалу нәтижесін қадағалау.

**Оқушыларды ғылыми жоба жарыстарына дайындауда мынадай мәселелерге ерекше көңіл бөлу қажет:**

- Тақырыптың ғылыми құндылығы;
- Таңдаған тақырыпты ашудағы оқушы еңбегінің сипаты, қосқан үлесі;
- Көрнекілігі мен ұсынылған материалдың сапалылығы;
- Ойын ұтымды, жағымды жеткізе алуы, сөйлеу мәнері, өзін ұстауы, аудиторияны тартуы;
- Жұмыстың көркем безендірілуі

**Ғылыми жұмыс жасауда негізгі 8 секцияға бөлінеді:**

1. Қазақ тілі мен әдебиеті.
2. Тарих пен этномәдениет.
3. Орыс тілі мен әдебиеті.
4. Математика мен информатика.
5. Физика мен техника.
6. Биология, химия, экология.
7. Медицина, валеология, психология.
8. Жаратылыстану мен өңірді тану.

**Жазылу талаптары:**

- Титул беті,
- Мазмұны;
- Аңдатпа (қысқаша жұмыс мазмұны)
- Кіріспе;
- Негізгі бөлімі;
- Қорытынды;
- Пайдаланған әдебиеттер;
- Қосымшалар.

Жалпы мәтін WORD,14 шрифт,арасы 1,5 интервал, солдан 2см болу керек.

Осы ұсынылған мағлұматты жүзеге асыру барысында, барлық талап,кеңестерді дұрыс ұтымды пайдалану барысында жақсы жетістіктерге жетеміз.Замануи әдіс - тәсілдерді қолдана отыра білім беру стандартын меңгеруде сабақтан тыс уақытта тәрбие жұмысын жүзеге асыру барысында ғылымның да шыңына жетуімізге болады.

## **Қорытынды**

Оқушылардың бойында дарындылық қасиеттерін, ізденімпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық ой, пәндік апталықтар мен үйірмелер, факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, таңдауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Мектептегі пәндік сайыстар, түрлі шығармашылық кештер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, оң нәтижеге жетуге ықпал етеді.

Мектебіміздің оқушылары халықаралық интеллектуалдық ойын сайыстарына да қатысып, жақсы жетістіктер көрсете білді.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін, дарынын ашу және әрбір оқушының өз мүмкіндіктерін, қабілет және икемділігін таныта білуіне жағдай жасау - мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Ендеше мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет.

Жаңа ғасырға қадам басқан жас жеткіншектердің қазіргі өмірге бейімділігі болу керек. Ол өмірдің әр тетігіне үніліп, тығырықтан шығар жолға даяр болуы қажет. Демек, оқушы өз бетінше жұмыс жасауды үйреніп, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыта түседі. Дарынды да, қабілетті оқушыларды ғылымға баулып, ғылым арқылы егемендігімізді нығайтуға үлес қосайық құрметті әріптестер!

## Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының білім туралы заң. - Астана.Ақорда,2007 - 116 бет
2. Габаева З.Ү. Развитие творческой одаренности через научно - исследовательскую деятельность. Исследовательская работа школьников.-2013.- № 2. - с.24-32.
3. Сборник нормативных и методических материалов. - Алматы: Казахстана, 2003. 158 с.
4. А.Мурзалинова, Ш.Каринова. Проект в курсовой подготовке педагога: назначение, содержание, деятельность.- Петропавловск: филиал АО НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по СКО 2014 - 61с, П 79 2014 г.
5. Инструкция для потенциальных претендентов по подготовке заявок на грант открытого конкурса проектов Фонда науки для формирования программ фундаментальных исследований на 2003 - 2005 г.г.
6. Мынбаева А.К. Навигация в Интернет: поиск научных конференций //Вестник КазНУ. Серия информационная. - 2002. - №1(8). - с. 67-70.
7. Научно-исследовательские институты КазНУ им. Аль-Фараби. - Научно-технический сборник: Новости науки Казахстана. - Алматы: КазгосИНТИ, 2004.
8. Тажибаева Т.Л., Мынбаева А.К., Үтенова М.Ж. Современное состояние научно - организационных Интернет-ресурсов Казахстана и мира //Вестник КазНУ им аль - Фараби. Серия Информационная. - 2001. - №1(6). - 52-55 с.
9. Научно - методический и информационно - публицистический журнал «Исследовательская работа школьников», 2002 - 2008 г.г.



**Тәжірбиелік бөлім**  
**Бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін**  
**факультатив жоспары**

**Тақырыбы:** «Кіші ғылыми академия»

**Мақсаты:**

1. Оқушылардың шығармашылық қабілетіне жол ашып, тұлға дарындығын қалыптастыру, ғылыми ізденудің әдістерін оқыту.

2. Оқушының өз қабілетін жүйелі жұмыс істеуге, жұмсауға, танымдық көзқарастарын қалыптастыруға, ой қорытып, белгілі шешім қабылдауға үйренуге жол ашу және дамыту.

3. Өзінің зерттеу, бақылау, эксперимент жүргізе білу, ақпарат жинау, талдау, жинақтап қорыту сияқты қабілеттерін тәрбиелеу.

**Міндеті:**

- Еңбекқорлыққа, ізденіске, өз ойларын қорытып айта білуге тәрбиелеу.

- Тәрбиелеуде олардың жан-жақты дамуына, еңбекке шығармашылық тұрғыдан қарауға, баулу.

- Өмірлік және азаматтық көзқарасын қалыптастыруға, жоғары адамгершілік қасиеттері мен рухани мәдениетін дамытуға белсенді түрде көмектесу.

**Талабы:**

1. Көлемі бес парақтан кем болмау.

2. Жазғанын жоспары бойынша мазмұндау (сөйлеу мәдениеті).

3. Өз ойын қорыта айтып, сөйлемді дұрыс құра білуі.

**Күтілетін нәтиже:**

- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығының, ынтасының артуы.

- Жасампаз және өнерпаз тұлғаның қалыптасуы.

- Тілдік қорының кеңеюі.

- Еңбекті бағалай білетін тұлғаның қалыптасуы.

## Ғылыми қоғам ұйымының берер нәтижесі.



## Жоспар:

№	Мазмұны	Сағат саны	Өтілетін уақыты	Гимназиялық компонент мазмұны (қолданылған әдебиеттерге сілтеме)	Жоспарланған нәтиже
1.	Жаңа оқу жылындағы жұмыстың мақсат міндетімен ережесімен таныстыру.	1		Ата-ана, баламен бірге сауалнама алу.	Жұмыс барысымен таныстыру.
2.	Оқушылардың ерекше қасиеттерін іріктеу.	1			Зерттеу дағдыларын қалыптастыру
3.	Дарынды балалардың бейініне қарай шығармашылық ізденіс жұмысына тарту.	1		Сауалнама сұрақтары негізінде пікір алысу.	Іздену жолдарын үйрету
4.	Шығармашылық қабілет дамыту жолдары.	1		Әдеби кітаптарды таңдай білу.	Әдеби,ғылыми кітаптарды таңдай білуге үйрету.
5.	Рухани мәдениетін дамыту. Бейіндеріне қарай пәндік олимпиадаға дайындау.	1		Пәнді таңдау.	Нақты қызығушылығын анықтау
6.	Мақал-мәтел мағыналарын айта білуге бағыттау.	1		Алған тақырыптың өмірге маңыздылығы	
7.	Эмоционалдық-сезімдік компонент сипаттамасы.	1		Қиялдау, шабыт, интуиция, сезім, белсенділік қалыптастыру.	Қиялдау және басқа да сезімдерін ояту.
8.	Интеллектуалдық-	1	27	Талдау,	Тез ойлау,

	логикалық компонент сипаттамасы			абстракциялау, ойлау, салыстыру, дәлелдеу, түсіндіру.	дәлелдеу дағдыларын дамыту.
9.	Мотивациялық компонент	1		Құмарлық, жаңалыққа қызығушылық қалыптастыру	Жұмысқа деген қызығушылықтарын арттырату.
10	Рефлексиялық қабілет қалыптастыру.	1		Пікір алысып, бірін-бірі үйрету.	Пікірталас ұйымдастыру.
11	Өзіндік жұмыс істеу.	1		Қисынды ойлау.,	
12	СТО бойынша жұмыс жасау.	1		Қолданылған жұмыстар бойынша.	
13	Логикалық есептер.	1		Негізгі ой қорытындысы.	Ойды қорытындылай алуларын дамыту.
14	Сөйлеу мәдениеті (шешендігі)	1		Материалдың сапасы, айқындығы.	Шешендік өнерге баулу.
15	«Сын тұрсынан ойлау» жобасы негізінде танымдық конференция	1		Тақырыбы бойынша пікір алмасу. Ата-ана баламен бірге.	Жанұялық конференция ұйымдастыру.
16	Дүниетану бойынша білімдерін жүйелеу.	1		Айналаны бағдарлау.	Жұмыс жоспарын құру.
17	Оқыған материалдарды басқалармен салыстыру.	1		Мәселені шешуде айырмашылықтарды белгілеу.	
18	1001 жұмбақ..	1		.	Ойлау қабілеттерін арттырату.
19	Бес жолды өлең	1		Нақты және	

.	құрастырулары. Эссе.			толық .	
20	Оқыған материалдардан жоспар құруға үйрету.	1		Жоспарда негізгі ойлар қамтылуы тиіс	Жұмысты жинақтау.
21	21-ші ғасыр көшбасшысы.Лидер мін ойындарын өткізу.	1		Мульти медий кабинетінде өтіледі	Компьютер мен жұмысты қолдану.
22	Ойын: « Мен болашақ ғалыммын»	1		Сынып ішілік сайыс	
23	Өз жұмысына есеп беру.	1		Пікір талас.	Ойды түйіндеп жеткізуді үйрету.
24	Шешендік өнері.	1		Алты бөлім түрімен	
25	Қазақ ескі өлшемдерімен таныстыру.	1		Тұлға дарындығын дамыту.	
<b>Бағалау:</b>	<p><i>Бағалау критерийі:</i>  «5» — 1- 4 толық қамтылса;  «4» — 1- 3 толық қамтылса;  «3» — 1- 2 толық қамтылса;  Топ басшылары бағалайды.</p> <table border="1" data-bbox="405 804 1457 1449"> <thead> <tr> <th data-bbox="405 804 448 1256">№</th> <th data-bbox="448 804 601 1256">Оқушының аты - жөні</th> <th data-bbox="601 804 772 1256">1. Үй тапсырмасын орындауы және өткенді қайталауына..</th> <th data-bbox="772 804 983 1256">2. Жаңа сабақты меңгеруі. Сөйлемдерді дұрыс айтып, дұрыс құрастыра білуіне..</th> <th data-bbox="983 804 1171 1256">3. Қосымша тапсырмаларды орындауына...</th> <th data-bbox="1171 804 1323 1256">4.Сабаққа деген белсенділігін е...</th> <th data-bbox="1323 804 1457 1256">5. Қорытынды баға</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="405 1256 448 1323">1</td> <td data-bbox="448 1256 601 1323"></td> <td data-bbox="601 1256 772 1323"></td> <td data-bbox="772 1256 983 1323"></td> <td data-bbox="983 1256 1171 1323"></td> <td data-bbox="1171 1256 1323 1323"></td> <td data-bbox="1323 1256 1457 1323"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="405 1323 448 1391">2</td> <td data-bbox="448 1323 601 1391"></td> <td data-bbox="601 1323 772 1391"></td> <td data-bbox="772 1323 983 1391"></td> <td data-bbox="983 1323 1171 1391"></td> <td data-bbox="1171 1323 1323 1391"></td> <td data-bbox="1323 1323 1457 1391"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="405 1391 448 1449">3</td> <td data-bbox="448 1391 601 1449"></td> <td data-bbox="601 1391 772 1449"></td> <td data-bbox="772 1391 983 1449"></td> <td data-bbox="983 1391 1171 1449"></td> <td data-bbox="1171 1391 1323 1449"></td> <td data-bbox="1323 1391 1457 1449"></td> </tr> </tbody> </table>						№	Оқушының аты - жөні	1. Үй тапсырмасын орындауы және өткенді қайталауына..	2. Жаңа сабақты меңгеруі. Сөйлемдерді дұрыс айтып, дұрыс құрастыра білуіне..	3. Қосымша тапсырмаларды орындауына...	4.Сабаққа деген белсенділігін е...	5. Қорытынды баға	1							2							3						
№	Оқушының аты - жөні	1. Үй тапсырмасын орындауы және өткенді қайталауына..	2. Жаңа сабақты меңгеруі. Сөйлемдерді дұрыс айтып, дұрыс құрастыра білуіне..	3. Қосымша тапсырмаларды орындауына...	4.Сабаққа деген белсенділігін е...	5. Қорытынды баға																												
1																																		
2																																		
3																																		

15-сабақ

«Отбасы тәрбие бастауы » атты ата-аналар жиналысы

Мақсаты:

-Тәрбиенің ең тамаша жері - отбасы екенін,ата-ананың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екендігін және бүгінгі заман талабынан шығатынын айқындау;

Міндеттері:

1. Отбасы тәрбиесінде әке мен ананың тәрбиелік ықпалының бірдей екенін түсіндіру;

2. Тәрбиенің ең тамаша жері-отбасы екенін ашып көрсету;

3. Бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын дәлелдеу;

**Стратегиялар:** «Тілек шамы»; «Миға шабуыл»; «Ойлан, жұптас, бірік»; «Қар қиыршықтары»


кезеңдер Ұақыты	Жоспар мазмұны	Мұғалімнің іс-әрекеті	Қатысушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар: осы іс-әрекет үшін маған қандай құралдар қажет?
Кіріспе	Ұйымдастыру кезеңі 5 минут	Психологиялық ахуал тудыру Шаттық шеңберіне тұрып бір-біріне жақсы тілек айту ұйымдастырылады.  Пазлдар арқылы қатысушыларды екі топқа бөлемін.  Топтық жұмыс барысындағы «Алтын ережені» еске түсіремін	Пазлдар арқылы қатысушылар екі топқа бөлінеді. Топ басшылары сайланып, топ мүшелері өз топтарына ат қояды.  Қатысушылар дауыстап ережені оқып шығады.	Тамаша!	Стикер, топ аттары жазылған қағаздар, маркер, слайдтар
Тұсаукеше	<u>Қызығушылықты ояту</u> сатысы 8 минут	1.Нұрсұлтан Назарбаевтың "Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен	Қатысушылар қар қиыршығын қиып көрсетеді.	Топтар бір-бірін «Басбармақ»	




		<p>басталады" деген сөзімен жұмысты бастаймын.</p> <p>2.«Қар қиыршықтары»</p> <p>Нұсқау: Ақ қағазды алып ортасынан бүктеймізде, оң бұрышын қиып аламыз. Тағы да бүктеймізде оң жақ бұрышын қиып аламыз. Осылайша мүмкіндігінше жалғастырамыз. Енді барлығымыз өзіміздің қар қиыршықтарымызды ашып қараймыз</p> <p>Талдау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Кімде қасында отырған адаммен бірдей қар қиындысы шықты?</li> <li>- Жоқ, себебі неде деп ойлайсыңдар?</li> <li>- Неге бәрімізде бірдей ақ қағаз және бірдей әрекет жасасақта қар қиыршықтары басқаша шықты деп ойлайсыңдар?</li> </ul>		әдісіме н бағала йды	
Негізгі бөлім	<p><b><u>Мағынаны ажырату сатысы</u></b> 5 мин</p> <p><b>«Миға шабуыл»</b> 5мин</p>	<p>3. Себебі, бәріміз бірдей әрекет жасағанмен біздер әр түрлі адамдармыз, әр түрлі қимылдаймыз.</p> <p>Ал балаларымызға келсек, әр қайсысы бөлек тұлға, әрқайсысының ойлауы, дүниетануы көзқарасы бәрі де әр түрлі.</p> <p>Бүгінгі жиналуымыздың бірден бір себебі баланың дұрыс тәрбие алуына қолдау көрсету.</p> <p><b>4. Талапты бала өсіргіңіз келсе, не істер едіңіз?..</b></p> <p>1. Сіздің балаңыз</p>	Қатысушы ата-аналар әртүрлі шыққан қар қиыршықтары туралы ойларын ортаға салады	«Өте жақсы» «Тамаша»	Қатысушылар

	<p><b><u>Ой толған ыс сатысы</u></b> <b><u>ы</u></b> <b>5</b> минут</p>	<p>төбелесіп қалды, бірақ сіз ол жағдайды екі күннен кейін сыныптас қыздан естідіңіз, сіздің іс әрекеттіңіз.</p> <p>2. Таңертенгі мезгіл. Анасы баласын сабаққа баруға оятады. Бала ұйқысынан тұрғысы келмеді. Әкесі баласын жақтап, сабаққа бармауын өтінді. Осы кезде телефон соғылды. Тұтқаны алған шешесіне баласы өзін жоқ деп айтқызды.</p> <p><b>5. Топтық жұмыс:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ата-ананың міндетіне не жатады?</li> <li>• Үлгілі ата-анаға тән қандай қасиеттер бар?</li> </ul> <p>Ортаға постер жазуды тапсырамын</p> <p>«Бір сұраққа-бір жауап» сауалнамасын өткіземін</p> <p><b>Сұрақтар:</b></p> <p>1. Кез-келген жағдайда жұмысыңыздың барлығын тастап, балаңызбен айналысу қолыңыздан келе ме?</p>	<p>сауалнамаға жауап береді</p> <p>Жауаптар:</p> <p>А) қолымнан келеді және әр кезде солай жасаймын.</p> <p>Ә) қолымнан келеді, алайда әр кезде солай істей алмаймын.</p> <p>Б) қолымнан келмейді</p>	<p>Тамаша!</p>	
<p>Қорытынды.</p>	<p><b>Рефлексия</b> <b>«Тілек шамы»</b></p>	<p>Ән: «Ана туралы жыр»</p> <p>«Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя - жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан</p>	<p>Өз ойларыңыз бойынша аяқталмаған мақал – мәтелдерді дұрыс жалғап аяқтайды. «Тілек шамы» жаттығуы арқылы бір-біріне тілек айтады. Бір-біріне мына шамды бере</p>		

	<p>оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір - бірімізге тілек айта отырып жүргізейік. Бір - бірімізге мына шамды бере отырып бүгінгі кездесуден алған әсерлеріңізбен бөлісіп, тренинг барысында айта алмай қалған ойларыңыз болса барлығыңыз да осы жерде айтуларыңызды сұраймын.</p> <p>Ата-аналардың, қатысушылардың тілектерімен бүгінгі жұмысты қорыту.</p>	<p>отырып бүгінгі кездесуден алған әсерлерімен бөлісіп, тренинг барысында айта алмай қалған ойларын осы жерде айтады.</p>		
--	--	---	--	--

<b>Сабақ тақырыбы</b>	<b>Менің ататегім қайдан бастау алады? Дүниетанудан білімдерін тиянақтау. 16-сабақ</b>	
<b>Сабақ мақсаты:</b>	- Әулет шежіресін құру.	
<b>Міндеттері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жеті атаға дейінгі өз шежіресін жасайды;</li> <li>• Ататегі туралы әңгімелейді.</li> </ul>	
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	<p><b>Патриотизмнің</b> дамуы өз әулетінің шығу тегін білу маңыздылығын түсіну арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Өзара көмек көрсетудің, отбасы мүшелерінің арасында түсіністік пен қолдау көрсетудің маңыздылығын түсіну.</p>	
<b>Пәнаралық байланыстар</b>	<p>Математика: уақыттың өлшем бірліктері.</p> <p>Бейнелеу өнері: атасы немесе бабасы туралы постер дайындайды.</p> <p>Ана тілі: әңгіме құрастырады.</p>	
<b>Алдыңғы меңгерілген білім</b>	Оқушылардың отбасы құндылықтары, отбасылық дәстүр, отбасы ішіндегі туыстық қатынастар туралы білім негіздері бар.	
<b>Сабақ барысы</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақта жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
Сабақтың басы  0-6	<p><b>1. «Кластер құра» тапсырмасы (ұжымда)</b></p> <p>Оқушыларға «ШЕЖІРЕ» сөзіне ассоциация құруды ұсыныңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқушылар жеке парақта орындайды;</li> <li>- Жұпта талдайды;</li> <li>- Ұжыммен пікір алмасады.</li> </ul> 	<p><i>Әдістемелік нұсқаулыққа қараңыз</i></p> <p>Ассоциацияға арналған дайын үлгілер (таратпалар)</p>

<p>7-8</p>	<p><i>Талқылауға арналған сұрақтар:</i>  -Шежіре, ататек деген не?  -Сен өзіңнің атаңның, арғы атаңның аты-жөндерін білесің бе?  - Өзіңнің жеті атаңды білесің бе?</p> <p><b>2. Сабақ мақсатын анықтау(ұжымда)</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Сабақ тақырыбы мен мақсаты жайлы оқушылардың болжамдары айтылады.</li> <li>• Сабақ мақсаты ұсынылады:</li> </ul> <p>- Өз әулетінің шежіресін құрау.</p>	<p>Слайд №3</p>
<p><b>Сабақ ортасы</b>  <b>8-10</b></p> <p><b>10-15</b></p>	<p><b>3. Кіріспе әңгіме</b>  Мұғалім оқушылармен әңгімелесу жүргізеді. «Тектілік» сөзінің қайдан шыққанын түсіндіреді.  Қазақ халқында әулеттің шығу тегі мен таралуын шежіре деп атайды. Қазақ халқы ататегін ерлер тарапынан, яғни әке жағынан таратады.</p> <p><b>4. «Шежірені оқы» тапсырмасы (ұжымда)</b>  Оқушылар шежіре ағашының суретіне назар аудартыңыз. Олардан ұрпақтар сабақтастығы қалай аталғанын ағаштың төмен жағынан бастап оқуларын сұраңыз. Сондай-ақ, әрқайсысының жанына өз ата-бабаларының есімдерін жазуларын ұсынуға болады.</p>	<p><i>Әдістемелік нұсқаулыққа қараңыз</i></p> <p>Сурет</p>



16-20

21-27

28-36

Шежіре  
ағашы  
(үлгі)

**5. «Жеті ата» сұхбат ойын-тапсырмасы (жүппен)**

Оқушыларға журналист болып ойнауды ұсыныңыз. Оқушылар өз қалаулары бойынша жұптарға бөлініп, «Өзіңнің жеті атаңды білесің бе?» деп бір-бірімен сұхбат жүргізулері қажет. Сұхбаттың қорытындысын жасаңыз. Өз ататегі мен отбасылық құндылықтарды құрметтеудің маңызды екендігін атап өтіңіз.

**6. «Менің шежірем» тапсырмасы (жеке, жүппен)**

Оқушылар өзінің ата-бабасының есімдерін шежіре ағашына ретімен орналастырады. Жұпта бір-біріне ата – бабаларының есімін орналастыру заңдылығы бойынша пікір алмасады.

*Талқылауға арналған сұрақтар:*

- *Неге шежірені ағаш түрінде береді?*
- *Ағаштың жапырақтары мен тамыры нені білдіреді?*

***Бағалау критерийлері:***

- *өз әулетінің шежіресін (жеті атасы) құрайды.*

**7. «Әңгімелеуші» тапсырмасы (жеке)**

Оқушылар алдын-ала дайындап алып келген ата-бабаларының

Постер,  
желім,  
фотосуреттер,  
маркерлер

	<p>суреттерін қолдана отырып, постер (фотосуреттерді жабыстырады, қысқаша тарихын жазады) дайындайды да сыныпқа ұсынып, өз әулеті туралы әңгімелейді.</p> <p><i>Бағалау критерийлері:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Өз ататегі туралы әңгімелейді;</i></li> </ul>	
<p><b>Сабақтың соңы 37-40</b></p>	<p><b>Рефлексия (жеке):</b> <b>«Алақан»</b></p>  <p>Оқушылар қағаздан киылған алақанның әр саусағына берілген сөйлемдерді аяқтай отыра, өз пікірлерін білдіреді:  <i>Мен бүгін білдім ...</i>  <i>Менің түсінгенім, ...</i>  <i>Мен үйрендім ...</i>  <i>Менің қиналғаным ...</i>  <i>Мен қалаймын ...</i></p> <p>«Алалақандарды» тақтаға іліп қояды (бірнешеуін оқып, талдап жіберуге болады).</p>	<p>Қағаздан жасалған алақандар (дидактикалық материалға қараңыз)</p>

## 17 - сабақ

### Оқыған материалдарды басқалармен салыстыру.

Қайталау мақсатында өткен тақырыптарды бекіту. Кітапша жасау, Көрме ұйымдастыру

## 18 - сабақ

Тақырыбы: 1001 мақал, 101 жұмбақ.

Мақсаты: Ата - бабамыздан қалған өшпес мұра, қымбат қазынасы мақал -мәтелдер мен жұмбақтарды дәріптеу. Мақал - мәтелмен жұмбақтарды үйрете отырып, отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, тұлғалы азамат болып өсуге тәрбиелеу. Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті топ мүшелері, жан күйерлер, оқырмандар мәдениет сүйгіш және 1001 мақал 101 жұмбақ білгірлері. Біздің бүгінгі ойынымыз «1001 мақал, 101 жұмбаққа» арналған сайысымызды бастайық.

Тілім менің тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өшсе тілім менде бірге өшемін,

Өссе тілім менде бірге өсемін.

(Ә. Тәжібаев)

Бұл сайыста білімділер ғана оза алады,

Қазылар орнықтырар әділдікті,

Кімдердің жауаптары кәдік шықты.

Білім мен тапқырлықпен жарысыңдар

жеңіске жетер дейміз нағыз мықты!

Ендігі кезекте қазылар алқасымен танысып қоялық.

Қазылар алқасы 4 - адам (ата-аналар)

Жүргізуші: Біліп сөйле, сөзінде сөл, өң болмасын,

Сөзің түпсіз қараңғыға көз болсын! - деп Жүсіп Баласағұни

айтқандай, бүгінгі сайысымыздың бастаймыз,

1 - кезең: «Жүйрік болсаң, шауып көр»

2 - топ бір - бірімен кезек - кезек ұпай жинау арқылы жарысады.

1) тіл, сөз өнері, шешендік тақырыбындағы мақал.

Қазақтар шешен келеді. Олар мақалдап сөйлейді. Жәй сөзінің өзі

өзен боп ағып жатады. (В. Радлов)

2 - кезең « Мықты болсаң, тауып көр»

Ойынның шарты: Жүргізуші мақалдың 1 - ші жартысын айтады,

сайыскер мақалды аяқтауы керек. Қай топ 1 - ші жауап береді.

№1 - топ

1. Ине көзінен сынады,.....

(шешен сөзінен сынады)

2. Тіл қылыштан.....(өткір)

3. Тіл тас жарады,

Тас жармаса.....(бас жарады)

4. Шешеннің тілі —.....

(Шебердің бізі)



5. Қызыл тіл жанның мияты,....  
(Аброй – ердің қуаты.)
6. Жақсының сөзі ақыл шақырады,....  
(Жаманның сөзі ашу шақырады).

№2 - топ

1. Айта білмесең мақалдың мәні болмайды,.....  
(Жасай білмесең астың дәмі болмайды)
2. Сөйлей – сөйлей шешен боласың,....  
(Көре - көре көсем боласың)
3. Аузы жаман елді былғар,....  
(Аяғы жаман төрді былғар)
4. Мақал атасы сөз,....  
(Мата атасы бөз)
5. Батыр туса ел ырысы,....  
(Жаңбыр жауса жер ырысы)
6. Нақыл қайдан шығады ой болмаса,....  
(Киіз қайдан шығады қой болмаса.)
7. Жақсыдан үйрен,....  
(Жаманнан жирен).

Жүргізуші: Ғабит Мүсірепов айтқандай, «Қай халықтың болса да мәдениетін, көркем сөзін, көркем өнерін жоғары көтеріп, жалындатып жіберуге - жүз талант көптік етпейді, он талант аздық етпейді» - деп бекер айтпаған.

3 - кезең «Ойлы болсаң, озып көр»  
«Сөз маржанын ой түбінен тере біл» - демекші. Келесі кезең екі топ бір - біріне ырым - тиымдармен жарысады.

1. қазақтың салт - дәстүрінен түсінік беру.
  2. Ырым - тыйым туралы білетіндерін айту.
- Ой – өрісін шапшаңдығын сынайық,  
Әр жұмбаққа нақты жауап беріп шығайық.  
Мүдірместен, іркілместен сөйлейтін,  
Әр топтан жүйріктерді табайық.

4 - кезең «Тапқыр болсаң, жауап бер»  
« Жұмбақтар»

Ойынын шарты жүргізуші жұмбақ жасырады оны сайыскерлер табу керек.

1. Тіршілік ауысар тек  
Ұстасаң қауқар жоқ.  
Айналам қоршау көп  
Одан асқан кәусәр жоқ.(ауа)
2. Көп моншақ үй үстіне қойдым шашып,  
Қарасаң толып жатыр көзіңді ашып.  
Үйіме сәулеленіп түссе жарық,  
Кетеді әлгі моншақ бәрі қашып. (Жұлдыз)
3. Тартылған екі арқаны ұзын бойға,

Сөйлеуге сондай шебер тапсаң айла  
Әр жерде аршындалған балдағы бар,  
Ойнайды он бармағың білсе ыңғай. (Домбыра)

4. Жапанда бір нәрсе бар аузы жабық,  
Ашылар мезгілінде баурын жазып.  
Ішінде толып жатқан қазына бар,  
Қорек қып пайдаланар тамам халық. (Кітап, оқу)

5. Екі ағайынды,  
Екеуі бір үйде.  
Бірін - бірі көрмейді. (Көз)

6. Әй, керемет бір ит бар,  
Үй бағады, үрмейді.  
Аяғы жоқ жүрмейді,  
Ұрықсатсыз ол иттен  
Адам үйге кімейді. (Құлып)

7. Ұзын - ұзын ұз келед,  
Ұзын бойлы қыз келед.  
Қашау басы қалтылдап,  
Сәукелесі жалтылдап. (Жол)

8. Өмір - өмір, өмірден,  
Өмір оты көмірден.  
Зымыран деген бір құс бар,  
Жұмыртқасы темірден. (Мылтық пен оқ)

5 - кезең. « Алғыр болсаң, шешіп көр»  
Жүргізуші: Ойласа – ойдың көсемі,  
Сөйлесе – қызыл тілдің шешені, демекші, келесі кезек топ  
басшыларына беріледі. Топ басшылары ортаға шығындар,

1. Ойын шарты топ басшыларына бір сөз беріледі. Сол сөзден  
бірнеше сөз құрау. Ал енді топ басшылары жазып болғанға дейін,  
топ мүшелерімен сайысты жалғастырайық. Мен сіздерге берілген  
сұрақтың орнына керек сөзді қойып мақал - мәтелдерді толықтыр

1 - топ мүшелеріне сұрақ:

- 1) Күлме кімге?
- 2) Қайда түкірме?
- 3) Ол не қабымен?
- 4) Ұят неден күшті?
- 5) Тіл не жарады?
- 6) Қандай үй базар?

2 - топ мүшелеріне сұрақ:

- 1) Талаптыға не жауар?
- 2) Тіл неден өткір?
- 3) Білмеген не ішеді?
- 4) Неге бал?
- 5) Ат шапайды не шабады?

6) Талап не?

Жүргізуші: Әділ қазылар алқасына сөз беріледі.

Ал, енді бүгінгі сайысымыз осымен аяқталды. Қош сау болыңдар.

## 19 - 20 сабақ

### Сабақ тақырыбы: Бес жолды өлең құрастырулары.

#### Эссе. Оқыған материалдардан жоспар құруға үйрету.

Мақсаты: Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне, әр сабақта жағдай жасау. Жеке тұлға ретінде «мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

#### Міндеттері

1. Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.
2. Сенімділікке тәрбиелеу.
3. Қиялын дамыту « менің ойымша» деген жауапқа алуға жағдай жасау.
4. Әр түрлі жауапты соңына дейін тыңдау.
5. Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау.

#### Сабақ барысы:

Технология үш кезеңнен тұрады:

I. Ой шақыру;

II. Мағынаны тану;

III. Ой толғаныс.

Әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері бар, бірақ олар өзара тығыз байланысты. Әр кезеңнің тиімді стратегиялары бар.

Синквейн стратегиясы ( бес жолды өлең): Ой толғау кезеңінде қолданылады.

Синквейн француздың «бес» деген сөзінен шыққан, яғни бес жолды өлең жазу әдісі.

- Бірінші жолда - тақырып бір сөзбен беріледі (зат есім)

- Екінші жолда - тақырып екі сөзбен сипаттау (сын есім)

- Үшінші жолда - тақырыпқа қатысты қимыл атауынан үш сөз жазу. (етістік)

- Төртінші жолда - 4 сөзден тұратын бір сөйлем.

- Бесінші жолда - тақырып мәнін ашатын бір синоним сөз.

1. Күй. 2. Әсерлі, күдіретті. 3. Мұңайтады, балқытады, тербентеді. 4. Күй – адам сезімінің көрінісі. 5. Өнер.	Отан Үлкен, қымбат Қорғайды, дамиды, оқытады Отан оттан да ыстық Ел
Оқушы Тәртіпті, білімді Оқиды, санайды, жазады Оқушылар біздің елдің болашағы. Бала	Кітап Қалың, қызықты Жазады, көреді, оқиды Кітап – білім бұлағы ғой Оқулық

<p>Ана Ақылды, сұлу Асырайды, қорғайды, тәрбиелейді Ана - ең қымбат адам Шеше</p>	<p>Мұғалім Білімді, сыйлы Тәрбиелейді, оқытады, бағалайды Мұғалім, балаларға білім береді Ұстаз</p>
<p>Күн Ашық, әдемі Жарқырайды, жылытады, тұрады Күн бәріне нұрын шашады Жарық</p>	<p>Қарлығаш Әдемі, қара Ұшады, асырайды, жасайды Қарлығаштар, лайдан ұя жасайды Құс</p>
<p>Ит Ақылды, жүйрік Қорғайды, күшіктейді, үреді Ит – адамның жақын досы Жануар</p>	<p>Адам Ақылды, ұқыпты Туады, өседі, жүреді Адам сусыз өмір сүре алмайды Азамат</p>
<p>Жылқы Жүйрік, әдемі Жүгіреді, жайылады, жатады Жылқы – қазақта қасиетті жануар Ат</p>	<p>Өзен Үлкен таза Ағады, қатады, жылжиды Балалар жазда өзенде шомылады Су</p>
<p>Эссе үлгілері. Туған жер. Менің туып өскен жерім - Қабанбай батыр ауылы. Мен Пионерская көшесінде тұрамын. Ауылымызда екі мектеп бар, мәдениет үйі, кітапхана. Менің достарым көп. Біз бірге ойнаймыз, серуендейміз. Ауылдың жанында Қабанбай батырдың кесенесі бар.</p>	<p>Көктем келді. Міне көктем де келді. Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. Күн жылынды, қар еріп, күн ұзарды. Енді құстар ұшып келеді, ағаштар бүршік жаяды, бәйшешек гүлдейді. Адамдар қуанады, көңілдері көтеріңкі болады. Мамырда оқу жылы аяқталады.</p>
<p>Табиғатты қорғаймыз. Табиғат - бізді қоршап тұрған орта. Адам да табиғаттың бір бөлігі. Табиғат тірі және өлі болып келеді. Ол бізге қуаныш әкеледі, сондықтан</p>	<p>Үй жануарлары. Үй жануарларына: жылқы, сиыр, түйе, қой, ешкі жатады. Олардың төлдері: құлын, бұзау, бота, қозы, лақ. Олардың пайдасы көп: сүт, ет, тері, жүн. Сүттен көп</p>

<p>табиғатты қорғау керек. Ағаштар, гүлдер отырғызу, қоқыс лақтырмау, өрттен сақтау. Көліктердің, зауыттардың түгіні ауаны ластайды.</p>	<p>әртүрлі тағамдар дайындалады. Қымыз, шұбат - пайдалы сусындар. Маған қымыз ұнайды.</p>
<p>Мектеп. Мектеп балаларға білім мен тәрбие береді. Біздің мектеп - екі қабатты. Менің сыныбым екінші қабатта. Сыныпта 22 оқушы бар. Менің сүйікті пәнім - қазақ тілі, әдебиеттік оқу. Мен күнде «бес» деген баға алып тұрамын. Өз мұғалімімді сыйлаймын, жақсы көремін. Мектебім – екінші үйім.</p>	<p>Достарым. Менің достарым көп. Сыныптағы балалармен жақсы достасамын, ал ең жақын досым - Нұршат. Ол менің көршім. Сабақтан кейін біз кездесеміз, ойнаймыз. Ол менен үлкен, сондықтан мені қорғап жүреді. Екеуміз велосипед тебеміз, футбол ойнаймыз.</p>

Оқыған мәтіндері бойынша жоспар құруға үйрету.  
Рефлексия: Менің жетістігім.

## **21- сабақ**

**Тақырыбы:** «XXI ғасыр көшбасшысы»

**Мақсаты:** Оқушыларды әр түрлі пәндерге деген қызығушылығын арттыру, батылдығын шыңдау, танымдық қабілеті мен білім деңгейлерін тексеру.

**Тәрбие сағатының түрі:** Сайыс

**Көрнекілігі:** Интерактивті тақта, презентация

**Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, математика, ана тілі, музыка, дене шынықтыру

**Тәрбие сағатының жүрісі:** «БӘЙГЕ», «КӨКПАР», «ЖОРҒА», «ДОДА»

**Жүргізуші:** – Сәлеметсіздер ме ұстаздар, ата аналар, оқушылар!

«Тәуелсіз ел тірегі - білімді ұрпақ», «Білікті бірді жығады, білімді мыңды жығады» - деп бекер айтпаса халқымыз. Бүгінгі біздің мектебімізде оқушылар арасында өткелі отырған «XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік сайысына қош келдіңіздер! Ендеше оқушыларымызбен танысып өтейік.

Сайысымызды бастамас бұрын алдымен ұпайларды компьютерге түсіріп отыратын әділқазы алқасы болатынын ескертіп өтейін.

Енді сайысымызды бастаймыз. Сайысымыз 4 турдан тұрады: БӘЙГЕ, КӨКПАР, ЖОРҒА, ДОДА, «Мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік» демекші баршаңызға сәттілік тілеймін!

I - тур «БӘЙГЕ»

Білім деген биік шың,

Бақытқа сені жеткізер.

Білім деген ақылшың,

Қиындықтан өткізер -

деп білімді сарапқа салар сәтті бастайық.

**Шарты:**

1. Мұнда барлық сайыскерлерге ортақ мектеп бағдарламасынан және бағдарламадан тыс 7 сұрақ беріледі.

2. Әр сұрақтың 3 жауап нұсқасы бар.

3. 5 секунд ішінде қойылған сұрақтың жауабын қолдарындағы паракқа белгілеп, дұрыс жауапты тексеріп тұрасындар. Яғни тұсына «+» белгісін қойындар. Әр дұрыс жауап 1 ұпай.

4. «Бәйгенің» сұрақтары оқылып болғаннан кейін сайыскерлердің ұпайлары есептелінеді..

1. 1924 - жылға дейін Қазақстанның астанасы болған қала?

Қызылорда

2. Дала жұлдызы атанған адам Ыбырай Алтынсарин

3. Әлемдегі ең үлкен мұхит Тынық мұхиты

4. Қазақстанның тұрғындары көп қала Алматы
5. 1916 - жылы ұлт азаттық көтерілісін бастаған батыр Амангелді батыр
6. Ауданы 100 м<sup>2</sup> шаршы қабырғасының ұзындығы 10 м
7. Қазақстан солтүстігінде қай елмен шектеседі? Ресей

II - тур «КӨКПАР»

Шарты: Бұл турда алдыңғы жинаған ұпайларын сақталады. Таңдаған киіз үйдің артында төрт сұрақ болады. Әр дұрыс сұраққа 1 ұпайдан беріледі.

Алайда ұпайы аз төрт оқушы сайыстан шығып қалады  
10

Бұл кім?

(I. Жансүгіров)

Сөйлемде бір ғана сұраққа жауап беріп, бірдей тұлғада тұратын сөйлем мүшелерін не дейміз?

Көкжиектің неше тұсы бар?

Қорап тәрізді жәшіктің көлемін қалай табамыз?

20

Бұл кім? (Б. Майлин)

Мектебім сөзіне қандай жалғау жалғанған?

Тянь Шянь атауы қытай тілінде не деген мағынаны береді?

1 жылда неше күн?

30

Бұл кім? (А. Пушкин)

Табыс септігінің сұрақтарын ата

Ауа қабаты жерді неден сақтайды?

Көбейтудің қасиеттерін ата

40

Бұл кім? (С. Сейфуллин)

Жүрек жалғау тіркесі нені білдіреді?

Қазақстан дүние жүзі елдері ішінде жер көлемі жөнінен нешінші орын алады?

Ұшақ 800 км/сағ жылдамдықпен ұшса, 4 сағатта қанша км ұшады?

50

Бұл кім? (Ш. Құдайбердиев)

Қандай? Қай? сұрағына жауап беретін сөз табы

Мынау қандай пайдалы қазбаның шартты белгісі?

Көпбұрыш қабырғаларының қосындысы?

Ұпайы аз 4 оқушы сайыстан шығады. Қалған 5 оқушы сайысты одан әрі жалғастырады.

III - тур «ЖОРҒА»

«Білгенін бір тоғыз, білмегенін тоқсан тоғыз» Осы турда



сайыскерлеріміздің білімін, таным қабілетінің жан-жақтылығын сынайтын кез жетті.

Шарты:

1. Экраннан бес ұяшық көрсетіледі.
2. Әр ұяшықта бес сұрақтан болады. Ол сұрақтар әр түрлі тақырыптан алынған.
3. Ұяшықтағы сұраққа жауап берсе ойыншы (он) 10 ұпайды иеленеді.
4. Алдыңғы турда жинаған ұпайларын жойылады. Бұл турда ұпайды жаңадан жинайсыңдар.

Жүргізуші: Міне біздің үшінші турымызда өз мәресіне жетті. Өкінішке орай бұл турда ұпайлары аз екі оқушы ойынын тоқтатады. Көңілдеріне қаяу түспесін Сіздерге болашақта сәттілік тілеймін!

(Ескерту: Ұяшықты бірден бастап ретімен ашу қажет)

1 2 3 4 5

1 ұяшық

“Ақсақ киік” өлеңінің авторы

Илья Ильин ауыр атлетикадан неше дүркін әлем чемпионы?

«Ана туралы жыр» әнінің авторы?

Қай айда 28 күн бар?

Әннің авторын табыңыз

2 ұяшық

“Абай жолы” романын жазған кім?

Олимпиада чемпиондарын марапаттайтын медаль металдарын атаңыз?

Күй атасы кім?

Суды елекпен қалай тасуға болады?

Жылқы атасы

3 ұяшық

“Күз”, “Қыс”, “Жаз”, “Жазғытұры” өлеңін жазған ақын

Бокстан Лондондағы ХХХ жазғы Олимпиада ойындарының чемпионы

Париж халқын өз өнерімен тамсандырған қазақ кім?

Ақтөбеде біреу Өскеменде жоқ, Алматыда екеу Астанада көп? Ол не?

Жер күн жүйесінде нешінші планета?

4 ұяшық

“Адамдық борышың” шығармасының авторы

Ми жұмысына арналған қазақтың ұлттық спорт түрін атаңыз

Қорқыт атаның аспабы

Бірінші төрт аяқты, кейін екі аяқты, одан кейін үш аяқты ол не?

Монументтің атауы

5 ұяшық

“Адам болам десеңіз” өлеңнің авторы  
Шахмат ойынында қанша түрлі фигура болады?  
«Адай» күйінің авторы кім?  
Жердің ортасында не бар?  
“Бәйтеректің” биіктігі қанша метр?

IV. тур «ДОДА»

Қажу барма тұлпарға,

Талу бар ма сұңқарға.

Білім күшті оларда

Салсын барын ортаға.

Шарты: Бұл шешуші тур, яғни көшбасшыны анықтайтын тур.

Алдарында төрт тақырып: «Салт - дәстүр», «Еркін тақырып», «Ең, ең...», «Логика». Әр тақырып бес сұрақтан тұрады. Таңдаған ұяшық саны ұпай санын білдіреді. Сан үлкейген сайын сұрақ күрделене түседі. Сайыскерлерге сәттілік тілеймін.

(Ескерту: Әр тақырыптан таңдаған санды ашқан соң сол санды басып кері қайту керек.)

Салт - дәстүр 10 2. 30 40 50

Ең, ең...

Логика

Еркін тақырып

Сұрақтар слайдта берілген

Жүргізуші: Сайыскерлеріміздің ұпай сандары дайын болса, сөз кезеңін әділ - қазы алқасына береміз.

«XXI ғасыр көшбасшысы» атанған дипломмен марапатталады.

Жүргізуші: Оқушыларымыздың білімін, санасын, оқуға деген құштарлығын оятатын зияткерлік сайысымыз көбейе берсін.

Көріп тамашалағандарыңызға көп - көп рахмет.

	22 сабақ	
<b>Сабақ тақырыбы:</b>	"Мен –болашақ ғалыммын "	
<b>Сабақтың мақсаты</b>	Табиғатты зерттеудің ғылыми әдістерін ажырату	
<b>Бағалау критерийі:</b>	Табиғатты зерттеудің ғылыми әдістерін ажыратады	
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Білу, түсіну, қолдану	
<b>Құндылықтарға баулу</b>	Жалпыға бірдей еңбек қоғамы топтық жұмыс, диалогты қарым қатынас орнату, өз бетімен жұмыс жасау, іздену қабілеттерін арттыру	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Дүниетану, математика	
<b>Алдыңғы білім</b>	Жаратылыстану ғылымымен танысып, оның нені зерттейтінін біледі, өмірмен байланыстырып мысалдар келтіре алады.	
<b>Сабақ барысы</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
Сабақтың басы 6 минут	<b>I. Ұйымдастыру</b> 1.1 Сәлемдесу 1.2 Сынып оқушыларына жағымды ахуал туғызу 1.3 Түгелдеу <b>II. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру.</b> 1. «Табиғат» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? 2. Табиғат пен адамның бірлігін білдіретін қандай нақыл сөздерді, мақалдар мен мәтелдерді білесіңдер? 3. Табиғат құбылыстары деп нені	

	айтамыз?	
Сабақтың ортасы 4минут	<p>Табиғатты зерттеудің ғылыми әдістері жайлы мағлұматты білу. Оқушылар қауіпсіздік техникасы қағидаларының тізімін зерттейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тәжірибелер жүргізу уақытында бет пен көзді қолмен ұстауға болмайды;</li> <li>• Заттардың дәмін татып көруге тыйым салынады;</li> <li>• Заттардың иісімен танысқанда сақ болу;</li> <li>• Тек таза ыдысты қолдану және оның тұтастығын тексеру;</li> <li>• Қолданылатын заттардың саны жөніндегі ұсынымдарды сақтау;</li> <li>• Заттарды қыздыру және зертханалық ыдыс сынықтарын жинау кезінде жұмыс ережелерін сақтау.</li> </ul>	Плакаттар, фломастерлер, оқулықпен жұмыс.
9 минут	<p>«Жеміс бағы» жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру (жеміс ағашының суретін және оған түрлі түсті стикерлер (алма) жапсыру, сабақ басталғанда оқушыларға өзіне ұнаған алманы алуды тапсырыңыз. Сол арқылы оқушының сол сәттегі көңіл күйін білуге болады, сонымен қатар топқа бөлінеді)</p> <p>1 топ 'Тапқырлар' 2 топ 'Білімділер' 3 топ 'Алғырлар'</p> <p>Балалар, алдарыңызда сумен толтырылған екі стакан берілген. Біреуіне - қабығы ашылмаған, ал екіншісіне - қабығы ашылған лимонды салсақ не болады, қалай ойлайсыздар? (Оқушылар әр түрлі болжамдар ұсынады және тәжірибені жасап көру арқылы болжам расталады немесе расталмайды)</p> <p>Осы қарапайым тәжірибе негізінде оқушыларда зерттеу сұрағын тұжырымдау және осы зерттеу сұрағы</p>	

15минут

негізінде болжам жасау және тәжірибені жасап көру арқылы болжамның расталатын немесе расталмайтындығын тексеруге болатындығы туралы түсінік қалыптастыруға болады

Оқушылар сабақтың басында жеміс ағашынан алған стикерлері бойынша 3 топқа бөлінеді:

**1-топ** ”Тапқырлар” Бояудың таралу жылдамдығын зерттейді.

**2-топ** ”Білімділер” Орамжапырақтың бояу сіңіргіш қасиетін зерттейді.

**3-топ** ”Алғырлар” Ыдыстағы жапырақтардың түсінің өзгеруін зерттейді.

Топтық жұмысқа қойылатын критерий:

- Тәжірибені жүзеге асыру алдында зерттеу сұрағын қою
- Тәжірибеге байланысты болжамдар (гипотеза) тұжырымдау
- Нұсқаулыққа сәйкес тәжірибені жасау
- Тәжірибе нәтижесі бойынша қорытынды жасау

”Тапқырлар” тобы ыстық және суық суы бар екі стақан беріледі. Екі стақанға қара шай қалташасын салып, олар судың қоңыр түске боялу уақытын анықтайды.



”Білімділер” тобы бірдей үш ыдысқа орамжапырақтарды салып әртүрлі бояу салады өзгерісті дәптерлеріне жазады.

”Алғырлар” тобы үш ыдысқа жапырақтарды салады бірінші ыдысқа тұз, екінші ыдысқа қант, үшінші ыдысқа иод тамшысын тамызады, өзгерісті дәптерлеріне жазады

бір стакан су,  
лимон, қасық,  
сода.

	<p>Оқушылар топ бойынша тақырыппен танысып, топта талдайды,сонымен қатар топта қорғауға бір оқушы тағайындап,сол оқушы басқа топқа түсіндіреді. Топтың басқа мүшелері басқа топтың ақпараттарын алып, қорытындылайды.Сөйтіп бір-бірімен ақпарат алмасады</p> <p><b>Дескриптор:</b>Табиғатты зерттеудің ғылыми әдістерін ажыратады Зерттеу әдістерін топтастырып, бақылау әдісіне тоқталады Эксперименттің басқа ғылыми әдістерден ерекшелігі неде?</p> <p><b>«Тәжірибелерге саяхат» әдісі:</b> <b>Мақсаты:</b>Табиғатты зерттеудің әдістерін ажырату; <b>№1 тапсырма</b> <b>Қажетті жабдықтар:</b> бір стакан су, лимон, қасық, сода. <b>Тапсырманы орындау реті:</b> Ыдыстағы суға аздаған лимон шырынын қосып араластырындар.Осыдан кейін бір шай қасық ас содасын қосындар. Қандай құбылысты байқадыңыздар? Топпен талқылып, дәптерлеріңізге түйінін жазыңыз. <b>№2 тапсырма:</b> <b>Қажетті жабдықтар:</b>түтікше, жылы суы барыдыс,сұйықмай <b>Тапсырманы орындау реті:</b> Шырын ішуге арналған түтікшенің көмегімен жылы суы бар ыдыс түбіне бір тамшы сұйық майды үрлендер. Түтікшеден шыққан мезеттен бастап май тамшысының пішіні қалай өзгертінін сипаттаңдар. Май тамшысы жоғары қарай көтерілгенде және су бетіне қалқып шыққанда оның пішіні қалай өзгереді? сипаттаңдар? Топпен талқылып,дәптерлеріңізге түйінін жазыңыз. <b>Дескриптор</b></p>	<p>түтікше, жылы суы бар стакан, сұйық май</p>
--	--	--

	Тәжірибелік жұмыстың тақырыбын белгілей	
	Жұмысқа қажетті құрал-жабдықтарын анықт	
	Тәжірибелік жұмыстың барысын баяндайды	
	Тәжірибелік жұмыстың қорытындысын жаса	
	<b>ҚБ: «Бас бармақ» әдісі</b>	
Сабақты соңы 6 минут	<i>Үй тапсырмасын беру''Мен табиғатты сүйемін'' эссе жазып келу Кері байланыс ''Ыдысты толтыр''</i>	

## 23-сабақ

## Тақырыбы: Өз жұмысына есеп беру.

	24-сабақ	
Сабақ тақырыбы:	Шешендік өнер. Тыйым салу- сақтандыру	
Осы сабақта қол жеткізілетін мақсаттары(оқу бағдарламасына сілтеме)	Оқушыларды жол ережесін білуге үйрету. Бағдарламалық белгілері бойынша білетіндерін дамыту. Жол ережесін сақтауға, жарақат алған адамдарға көмек көрсетуге, әрдайым сақ болуға, абай болуға тәрбиелеу. Әдісі : ойын әдісі , топтық жұмыс.	
Сабақ мақсаттары	<i>Барлық оқушылар:</i> жол ережесін біледі	
	<i>Көптеген оқушылар:</i> Жол тәртібін сақтайды, көмектеседі	
	<i>Кейбір оқушылар:</i> Айтылған тыйым салу мен сақтандыруды өмірде пайдаланады	
Тілдік мақсат	Диалог арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Жол ережесін білеміз бе? Жол ережесін неге сақтаймыз? Жарақат болған адамдарға қандай көмек беруге болады? Сыныптағы диалог/ жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:	
Бағалау критерийлері	Жол ережесін біледі Өмірде пайдаланады	
Құндылықтарды дарыту		
Пәнаралық байланыстар	Дүниетану, қазақ тілі	
АКТ қолдану дағдылары	Ноутбук	
Бастапқы білім	Дәстүрін, салтын таниды	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<b>1. Психологиялық дайындық жасау</b>	Тыйым



<p>/10 мин/</p> <p>Сабақтың ортасы /сабақтың негізгі бөлімі/ /20 мин/</p>	<p>Оқушылардың назарларын сабаққа аудару, құрал-жабдықтарын түгендеу.</p> <p><b>II. Қызығушылығын ояту</b></p> <p>Қазақ халқы бала тәрбиесіне мән беріп, оның ырым - тыйымдарын, салт - дәстүрін ерекше сақтаған. Ырым - жақсылықтан өнеге алып, оған жету үшін жасалатын әрекет. Ал, тыйым рәсімдері жас ұрпақты, аруақты сыйлауға, табиғатты қорғауға, әдепті болуға, қарапайымдылыққа, инабаттылыққа баулиды. Халқымыздың әдет - ғұрпын, салт- санасын жақсы біліп, оны іс жүзінде орындай білу - әрбір перзенттің борышы. Ол - мәдениеттің белгісі.</p> <p>Қазақ ырымдары: (Әр топ ырымдарды айтып мағынасын түсіндіреді)</p> <p>Ит ұлыса, жамандық болады. Баланың желкесінен сүйсе, қырсық болады. Қазақ үйіне келген адамға дәм таттырып шығарады. Түнде үй сыпырмайды, тырнақ алмайды , т.б.</p> <p><b>Тыйым сөздер:</b></p> <p>Босағаны керме , құшақтама. Жұлдызды , адамды санама . Тұзды , күлді шашпа. Бейуақытта жылама, ұйықтама . Жағынды таянба т.б.</p> <p>III. Жаңа сабақ Дәптермен жұмыс</p> <p><b>1-тапсырма</b> Тыйым - тәрбиенің бір түрі. Ата- бабамыз тыйым арқылы жас ұрпақты жаман әдеттен сақтандырып отырған. Халқымыздың ежелден келе жатқан тыйымдарының себебін тап. Оларды сызық арқылы қос. Тыйымдарды жаттап ал. Дискриптор: Тыйым сөздер түрлерін ажыратады</p> <p><b>Ереже</b> Тыйым - тәлім - тәрбие, үлгі - өнеге, ақыл- кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі.</p> <p>Бұл балаларды жаман әдет, жат пиғыл, ерсі қимыл, әдепсіз істерден сақтандыруда маңызды қызмет атқарады. «Ұлға отыз үйден тыю, қызға қырық үйден тыю» деген мақал осыған байланысты шыққан. «Бүйірін таяну - қайғының, жағын таяну -</p>	<p>сөздер, қазақтың ырымдары</p>
---	---	--

	<p>мұң-шердің, жүресінен отыру - әдепсіздіктің белгісі» деп танып, оған тыйым салған. Демек, тыйым - халықтық педагогиканың құрамдас бөлігі. Тыйым үлгілері мен сөздері ел ішінде өте көп.</p> <p><b>2-тапсырма</b> Сен жазбаша және ауызша тыйымдарды кездестіріп жүрген шығарсың. Олардың кейбіруі бұйрық райда естіледі, ал кейбіреуі өтініш түрінде айтылады. - Есікті қатты жаппа! - Есікті ақырын жабуынды сұраймын. Дескриптор: жазбаша және ауызша тыйым сөздерді ажыратады. Жазбаша түрін жазады.</p> <p><b>«Топтасып орында» әдісі 3 - тапсырма</b> Сынып бөлмесіне, асханаға, мектептің кіре берісіне, бақылау жұмысы боғанда, үзіліс кезінде қандай тыйым белгілері іліну керек деп ойлайсың? Суретін сал және жазып көр. <b>Дескриптор:</b> Көз алдарына елестетеді. Суретін салады. Жазады.</p> <p><b>4 - тапсырма</b> Сен бірде таулы және орманды жерге тап болдың делік. Ол жерден әртүрлі тыйым салынған хабарландырулар оқыдың. Тыйым салғандардың аты- тауып жаз. Тыйым сөздердің астын сыз. <b>Дескриптор:</b> Тыйым сөздері жазады</p> <p><b>6-тапсырма</b> Өз бетінше жұмыс Қоғамдық орындарда тағы қандай тыйым салған хабарландыруларды көріп жүресің, жаз.</p>				
<p>Сабақтың соңы /10мин/</p>	<p><b>IV Қорытынды:</b> «Қағып ал» әдісі Сұрақ - жауап</p> <p><b>Үйге: оқып түсінігін айту</b></p> <p><b>Кері байланыс:</b> Б.Б.Б кестесі</p> <table border="1" data-bbox="512 1615 1082 1720"> <tr> <td data-bbox="512 1615 691 1720">Білемін</td> <td data-bbox="691 1615 924 1720">Білгім келеді</td> <td data-bbox="924 1615 1082 1720">Білдім</td> </tr> </table>	Білемін	Білгім келеді	Білдім	
Білемін	Білгім келеді	Білдім			

## 25-сабақ

**Сабақтың тақырыбы:** Халық өлшемдері

**Сабақтың мақсаты:** Халық тәжірибесіндегі заттың ұзындығы мен сыйымдылығын саусақпен өлшеу жолдары жайында түсіндіру. Шәкірттер бойына халқымыздың қадір - қасиетін сіңіртіп, ата - бабасының тыныс тіршілігінен хабардар етіп, есте сақтауға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Қазақша ұзындық, сыйымдылық өлшемдерін өлшеу үшін пайдаланған әдістерді бейнелейтін суреттер; метрлік, литр ыдысы. Тұз, бидай, күріш.

Тәрбие сағатының барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Балалар, бүгін біз бұрынғы аталарымыздың өзі өмір сүрген дәуірде, өздерінің күнделікті тұрмыс - тіршілігіндегі заттарды алып, беру және қажетіне пайдалану үшін ұзындықты, сыйымдылықты қалай пайдаланылғанын турулы танысамыз.

Бұрын қазіргідей ұзындықты өлшейтін дайын метрлік, сыйымдылықты өлшейтін л, метрөлшеуіш құралдары көп болмаған, болса да көп адамдар түсіне білмеген. Сондықтан көз, қол, саусақ мөлшерлерімен заттарды дәл өлшеп отырған. Қазақ халқына ортақ өлшеуіштерге жалпы халық сенген және түсінген. Біз сол өлшемдерге көз жеткізуіміз керек. Мысалы: Үлкендер бес саусақты қалай атаған?

«Актерлік шеберлікті көрсету» ойыны:

Бір оқушы саусағын көрсетіп отырып атайды.

Оқушы:

1. Бас бармақ.

2. Сұқ саусақ.

3. Ортан саусақ.

4. Аты жоқ саусақ.

5. Шынашақ.

- Дұрыс.

- Ал, осы саусақтар бірдей ме?

- Жоқ

- Неге?

- Білмейміз.

- Ендеше бес саусақ туралы халықтың аңызын әңгімелеп берейін.

Ең алғашқыда бірдей болып жаратылыпты. Бастары бір қосылғанда бас бармақ басқаларға қарап:

- Ұрлық жасаймыз ба?- депті

Сұқ саусақ оның сөзін қолдап,

- Жасасақ, жасайық - депті.

Ортан саусақ:

- Құдайдан қорықпайсыңдар ма?- депті.

Аты жоқ саусақ

- Құдай не қылар дейсің?- депті.

Сонда шынашақ: Алайық та қашайық, ұрлайық та сояйық - депті шыдамсыздана.

Саусақтардың осы айтқандарын жаратушы құдай естіп, оларды әр түрлі етіп жаратқан екен.

Кейде өмірде адамдардың іс - әрекеті, қадір - қасиетін бағалап, басқамен салыстырғанда «бес саусақ бірдей емес» деген сөзді мәтел есебінде үлкендер жиі айтып отырады.

- Балалар, математика сабағында ұзындық өлшемдерін өттіңдер, атаңдаршы.

- Миллиметр, сантиметр, метр, дециметр.

- Дұрыс, ал салмақ өлшеуіштері қандай?

- Грамм, килограмм, центнер, тонна.

- Балалар, ертеде көшпелі қазақ халқының тұрмысында сызғыш, метрлік, таразы болмаған.

Міне, сондықтан олар өлшем бірлік ретінде саусақтарды пайдаланған.

Қазақша ұзындық өлшемдерін былай атаған.

1. Елі.

2. Сүйем.

3. Сынық сүйем.

4. Қарыс сүйем.

5. Қарыс.

6. Тұтам.

Қазақша ұзындық өлшемдеріне жеке - жеке тоқталайық.

1 - оқушы: Елі – саусақтың көлденең қалыңдығы.

2 - оқушы: Сынық сүйем - бас бармақ пен сұқ саусақтың буыны бүгіліп барып белгіленетін өлшем. Бір сүйемнен төрттен үш бөлігі.

3 - оқушы: Сүйем - бас бармақпен сұқ саусақ аралығындағы өлшем.

4 - оқушы: Қарыс сүйем - бас бармақ пен ортан саусақтың аралық мөлшері.

5 - оқушы: Қарыс - бас бармақ пен шынашақтың аралық мөлшері.

6 - оқушы: Тұтам - бес саусақпен тұтқандағы көлемге шамалас төрт еліге тең ұзындық.

- Дұрыс. Мысалы: пісіп тұрған сүтті мұздай жерге қойса, қаймақ бетіне жиналады, үлкендер оны бір елі қаймақ жиналды дейді.

Ал, математикадағы ұзындық өлшемі бойынша айтсақ 1см.

Қаймақ жиналды дер едік.

Кішкентай аласа бойлы адамды бір қарыс деп тілге тиек етеді,

Сонымен бірге тәжірибесін сыйымдылық өлшемдерін былай атаған:

7 - оқушы: Шымшым - ұсақ затты бас бармақ және сұқ саусақпен

қосып алғандағы өлшем.

8 - оқушы: Шөкім - ұсақ затты үш саусақтың ұшымен қысып алғандағы өлшем.

9 - оқушы: Бір уыс - қол саусақтарын жымдастыра бүккендегі өлшем.

10 - оқушы: Қос уыс - қос қолдың саусақтарын бірге жұмдастыра бүккендегі өлшем. Кеседегі тұрған тұзды өлшеп көрсету.

Тамақтың бір шымшым тұзы кем. Біршөкім тұзы кем.

Бидай: Бір уыс бидайды тауыққа шаш. Қос уыс шаш.

«Кім көреген» ойыны:

Сыйымдылық - өлшемдерін сурет бойынша балалардың өздеріне орындату.

- Балалар, бүгін сендер ата - бабаларымыздың ұзындық өлшеуіштері және сыйымдылық өлшемдерін қалай пайдаланғандығымен таныстыңдар.

11 - оқушы: Бес саусақ.

Бас бармағым бауға барды,

Сұқ саусағым суға барды,

Ортан саусақ орақ орып,

Аты жоғым ағаш жарды,

Жұмсамапты алақаным

Тек шынашақ балапанын. (Он саусақ)

«Зеңгер көктем» әніне салып төрт оқушыға орындату.

1. Жалғыз саусақ тіпті де

Ұстай алмас жіпті де.

2. Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

3. Үш саусағым орамды,

Жүгіртеді қаламды.

4. Өнерлі екен он саусақ,

Қалам жазсақ, жол салсақ.

Қорытынды: «Сөз жұмбақты, кім таппақ» ойыны:

Көлденен: 1. Шөкім. 2. Елі. 3. Шымшық. 4. Сүйем. 5. Тұтам.

Тігінен: 1. Өлшем.

Сонымен қорыта келгенде қол, саусақтың адам үшін атқаратын қызметі өте көп. Оны жоғарғы сыныпқа барғанда кеңірек танысасыңдар. Әзірге бүгінгі үйренгендеріңді үйдегі отбасыларыңа, достарыңа айта жүріңдер.

## **26- сабақ : Көрме ұйымдастыру. Алғашқы бекіту.**

### **27-сабақ**

#### **Тақырыбы. Мен лидер боламын**

**Мақсаты:** Лидерлік қасиетті дамыту.

#### **Барысы:**

Мұғалімнің түсіндірмесі:

Кең-байтақ әрі бірлігі жарасқан тәуелсіз елімізде көптеген ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқаны бәріне мәлім. Қазақ даласындағы әрбір азамат өз елі мен жерін, туған отанын сүйуге міндетті. Сол сүйіспеншілікті аға буыннан ала отырып, біздің болашағымыз болып саналатын жас жеткіншектерге дұрыс жеткізу тәрбие беруден басталады. Осы тәрбиенің негізінде Қапшағай қаласындағы «Балдәурен» республикалық оқу - сауықтыру орталығында Қазақстанның әр аумағынан оқуда озат, белсенді, көшбасшы балалар ауысымда демалуда. Ауысымның ең негізгі іс-шараларының бірі “LEADER START” байқауы.

Бұл сайыс төрт кезеңнен тұрады. **Бірінші кезең - іріктеу кезеңі.**

Келесісі «7 пайдалы іс» бейнеролик байқауы. Үшіншісі балалар бойындағы шығармашылығын анықтауға бағытталған. Соңғы төртінші кезең - «LEADER START» бұрышы. Алғашқы іріктеу кезеңінде балаларға түрлі топтық жұмыстар жүргізілді. Бұл топтық жұмыстар балалар бойындағы бір - біріне деген достық қарым - қатынасты нығайтып, өз бойына деген сенімділікті арттыра отырып, өз ортасында жұмыс жасай білуге дағдыландырады. Топтық жұмыс түрлері балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жасалды. Ойын барысында балалар іріктеліп отырды, ойынның жалғасы логикалық сұрақтарға өтеді.

**Екінші кезеңнің тақырыбы - «7 пайдалы іс» туралы бейнеролик байқауы.** Бұл кезеңде балаларға күнделікті өмірде жасайтын 7 пайдалы іс туралы қысқаша бейнеролик түсіру тапсырылды. Бейнероликтің дыбыс сапасына, түсірілім сапасы, тәрбиелік мәніне, мағынасына, бейнеөңдеуіне аса назар аударылды. III кезеңде балалар ақпараттық технологиялық құралдарды дұрыс пайдалана отырып, олармен дұрыс жұмыс жасауды, бейнені өңдеу қабілеттерін арттырады. Келесі кезеңге өздерінің кәсібилігімен, тапқырлығымен өтеді.

**Үшінші кезең – шығармашылық жарыс.** Бұл кезеңде балалар өз бойындағы таланттарын шыңдай отырып, өз өнерлерін көрсетіп шығуы керек. IV кезең «LEADER START» бұрышы - әр бала лидер деген ұғымды қалай түсінуіне байланысты қатысушылар өз бұрыштарын жасауы керек. Жарыс барысында өздерінің сан қырынан көрсетіп шыққан балаларды әділ қазы алқалары бағалап шығатын болады.

Қазақ әлі белесті көп асады,  
Ұрпағына өнеге жол ашады.  
Көш бастайтын ұл қыздар бар кезінде,  
Жарық болар елімнің болашағы.  
Бақыт, байлық тоқтамай сарқырасын,  
Жаратқан ие кешіріп елдің бар күнәсін.  
Ұлы елдің ұландары аман болып,  
Жер мен елдің жұлдызы жарқырасын.

**28-34 сабақтар Қорытынды сабақтар**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ  
БАСҚАРМАСЫ  
САФУАН ШАЙМЕРДЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЛАЛЫҚ  
КЛАССИКАЛЫҚ ГИМНАЗИЯ

Глотов Алдияр Қожахмет Маулен  
2 сынып оқушылары

Қазақ , орыс және ағылшын әдебиетіндегі қиял-ғажайып  
ертегілердің арасындағы үндестігі  
Секция: қазақ тілі мен әдебиеті

Жетекші: Абуева Райса Турлыбековна

Петропавл қ.



Жоспары	
I. Кіріспе.	3-4
II. Негізгі бөлім	5-6
2.1. Ертегілердің классификациясы	5-6
2.2. Қиял-ғажайып ертегілердің ерекшеліктері	6-8
2.3. Қиял-ғажайып ертегілердің ұқсастықтары мен ерекшеліктері	8- 11
2.4. Қазақ, орыс қиял-ғажайып ертегілерін оқи отырып, ертегілердің құрылымы мен көріністерінің ұқсастығына байланысты, ертегілерді сараптай келе кесте	11
2.5. Қазақ ертегілерінің ерекшеліктері	11- 13
2.6. Орыс ертегілерінің ерекшелігі	13-
2.7. Ағылшын ертегілерінің ерекшелігі	13 14- 18
III. Қорытынды.	19- 20
IV. Қолданылған әдебиеттер тізімі.	21

## **Андатпа**

### **Мақсаты:**

- Қазақ ,орыс және ағылшын қиял-ғажайып ертегіледі зерттей отырып жалпы ұқсас ерекшеліктерін анықтау арқылы үндестігін табу.

### **Міндеттер:**

- Әдеби танымдықты арттыра отырып, әдеби мәтінге талдау жасау,

қорытындылау.

- Қиял-ғажайып ертегілерді салыстыру , ізденіс жұмыстарын жүргізу.
- Мұрағаттан алынған материалдарды меңгеру.

**Зерттеу нысаны:** Жұмысының негізгі нысаны ретінде қазақ және орыс әдебиетіндегі қиял-ғажайып ертегілерді және ғылыми еңбектер алынды.

### **Тақырыптың өзектілігі:**

- Осынау өркениетке ұмтылып отырған уақытта ұлттық болмысымыз қазақ ауыз әдебиетінің түрлерінің ішіндегі қиял-ғажайып ертегілердің маңызы туралы толық мағлұмат бере отырып, қиял-ғажайып ертегілердің ерекшеліктері мен үндестігін анықтау. Ауыз әдебиетінің ішіндегі қиял-ғажайып ертегілері қанша ғасыр өтсе де ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінде маңызын жоймаған, тәрбиелік мәні теренде жатқан тарихи мұра екенін жеткізу.

- Осы тақырыпты алу себебіміз, қазақ әдебиетінен 5-сыныпта өткен қазақ ертегілерінің ішінде қиял-ғажайып ертегілер аса бізді қызықтырды. Қиял-ғажайып ертегілері адамдардың арман мен қиялын танытады, болашаққа деген сенімін білдіреді.

### **Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы:**

- Ұсынып отырған ғылыми шығармашылық жұмыстың нәтижесін оқу орындарында , қазақ ауыз әдебиетіне қызығушылығы бар талапкер оқушыларға қолдануға болады. Орыс мектептерінде білім алатын орта буындағы оқушылар реферат жұмыстары мен ғылыми жоба жазу барысында көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

### **Зерттеудің жаңашылдығы:**

Ұлттық болмысымыз бөлек, бір топтық тілге жатпайтын екі халықтың эпикалық халық ауыз әдебиетін тереңірек білу үшін көмекші құрал ретінде қолдануға болады.

5-сыныпта өтетін қазақ ертегілерінің ішінде қиял-ғажайып ертегілер аса бізді қызықтырады.

Екі елдің қиял-ғажайып ертегілерін салыстыра отырып, үндестігін зерттедік.

Жұмыстың нәтижесін 5-6 орыс сыныптарында қазақ әдебиеті

сабағында көрнекті құрал ретінде, әдеби оқуда қолдануға болады

**Жұмыс барысында қолданылған әдіс-тәсілдер:**

1. Бақылау әдісі:
2. Тарихи әдіс
3. Аналитикалық әдіс.
4. Салыстыру әдісі.
5. Іздену әдісі.
6. Зерттеу әдісі.

**Жұмыстың құрылымы:**

Ғылыми жоба кіріспеден, екі тараудан және қорытындыдан тұрады. Пайдаланған әдебиеттер тізімі соңынан берілді.

## **Аннотация**

**Цель:** - Изучать казахские, русские и английские фантастические сказки путем определения сходства с идентификацией гармонии.

### **Задачи:**

- Анализ и обобщение литературных текстов путем увеличения литературных знаний.
- Сравнение фантастических сказок, поисковых работ.
- Приобретение архивных материалов.

### **Актуальность темы:**

Охарактеризовать особенности и гармонию фантастических сказок, давая полный отчет о сущности фантастических народных сказок среди национальных видов казахского фольклора, пытаюсь справиться с этой цивилизацией. Увлекательные сказки устной литературы передавались из поколения в поколение, не говоря уже о важности сегодняшнего дня, и чтобы передать, что образовательная сущность является историческим наследием.

Причина выбора этой темы: это то, что нас привлекли фантастические сказки среди казахских, русских и английских народных сказок. Фантастические рассказы представляют мечты и фантазии людей и выражают уверенность в будущем.

**Новизна:** Наша национальная идентичность может использоваться как вспомогательный инструмент для более глубокого познания эпического фольклора трех народов, которые неделимы, не относятся к групповому языку. Результат работы может быть использован как литературный инструмент на уроке казахской литературы в 5-6 классах в школах.

### **Методы исследования:**

1. Способ контроля: Исторический метод
2. Аналитический метод.
3. Метод сравнения.
4. Метод исследования.

### **Теоретическая и практическая значимость работы:**

Результат предлагаемой научной работы может быть применен учениками, которые интересуются казахской или устной литературой.

## **Annotation**

**Purpose:** To study Kazakh, Russian and English fantastic tales by identifying similarities with the identification of harmony.

### **Tasks:**

- Analysis and synthesis of literary texts by increasing literary knowledge.
- Comparison of fantastic tales, search works.
- Acquisition of archival materials.

**Relevance of the topic:** To characterize the features and harmony of fantastic tales, giving a full account of the essence of fantastic folk tales among the national types of Kazakh folklore, trying to cope with this civilization. Fascinating oral literature tales have been handed down from generation to generation, not to mention the importance of today, and to convey that the educational essence is a historical heritage.

The reason for choosing this topic: - this is what attracted us to fantastic tales among Kazakh, Russian and English folk tales. Fantastic stories represent the dreams and fantasies of people and express confidence in the future

**Novelty:** Our national identity can be used as an auxiliary tool for a deeper knowledge of the epic folklore of the three peoples, which are indivisible, do not belong to a group language. The result of the work can be used as a literary tool in a class of Kazakh literature in grades 5-6 in schools.

### **Research methods:**

1. Control Method: Historical Method
2. Analytical method.
3. Comparison method.
4. Method of research.

### **Theoretical and practical significance of the work:**

The result of the proposed scientific work can be applied by students who are interested in Kazakh or oral literature. At the middle level, schoolchildren can be used as a tool for writing essays and research projects.

## **Кіріспе**

Біздің ұсынып отырған ғылыми жобамыздың тақырыбы «Қазақ және орыс әдебиетіндегі қиял-ғажайып ертегілердің үндестігі».

Осы ғылыми жобаны алу себебіміз, 5-6 орыс сыныптарында қазақ ауыз әдебиетінен оқып бастағанда ауыз әдебиетінен бастайды. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін, екі елдің ауыз әдебиетін салыстыра отырып оқытса, әрине оқушылардың мемлекеттік тілге деген қызығушылығы артады.

Біз жетекшімен бірлесіп қазақ ауыз әдебиетімен танысқаннан кейін, ертегілердің түрлерін өттік және орыс ертегілерінен ұқсастығын, ерекшеліктерін байқап салыстыру жұмыстарын жүргіздік.

Сонымен ертегілер ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан көлемді саласының бірі болып табылады. Ертегілер халқымыздың тарихын, дүниетанымын, тұрмысы мен салтын, әдет-ғұрпын, нанымы мен сенімін білдіреді. Ертегілер қоғам дамыған сайын адамның да ой-санасын өскен, өмірге деген көзқарасы өзгереді. Қазіргі заманның жетістіктерін көре отырып, ертегі оқиғаларындағы халық арманының іске асқанын байқаймыз.

Қазақ ертегілері өзінің тақырыптары, көтерген мәселелері, мазмұнына байланысты қиял-ғажайып ертегілері, тұрмыс-салт ертегілері, хайуанаттар туралы ертегілер, шыншыл ертегілер болып бөлінеді.

Қиял-ғажайып ертегілердің оқиғасы қиялға, фантазияға құрылады, өмірде болмайтын нәрселер туралы баяндалады. Кейіпкерлері қиялдан туған жалмауыз, жезтырнақ, мыстан кемпір, алып дәу және солармен күрескен батырлар болып келеді. Сонымен қатар адамға көмектесетін қанатты тұлпарлар, құстар да қиялдан туған бейнелер. Қиял-ғажайып ертегілері адамдардың арманы мен қиялын танытады, болашаққа деген сенімін білдіреді. Ертегінің қарапайым кейіпкері арманына жету үшін жолында кездескен барлық кедергілерді ақылмен, айласымен, достарының көмегімен жеңіп отырады. Қиял ғажайып ертегілер «Ер төстік», «Керкұла атты Кендебай», «Ыста тас» «Алтын сақа», «Тас болған шаһар», ертегілер түрлері өте көп.

Қиял ғажайып ертегілер қазақ ертегілерінің ішінде ең көнесі болып табылады. Қиял-ғажайып ертегілері көп дәуірді бастан кешіргендіктен, өзгерістерге де көп ұшыраған. Қиял-ғажайып ертегілерінің екі саласы бар: бірі қазақ ертегілерінің өз тумасы, екіншісі сырттан келген ертегілер. Олар көбінесе үнді, парсы, араб, моңғол, Алтай, Сібір елдерінен келген

ертегілер. Сырттан келген ертегілер қазақ ертегілерімен араласып, жаңа бір мазмұнға, түрге ие болған. Қазақ қиял-ғажайып ертегілерінің кейіпкерлері «ай десе-аузы, күн десе-көзі» бар сұлу, не алтын шашты қыз, солармен қатар жалмауыз кемпір, жезтырнақ, жалғыз көзді жалмауыз, мыстан кемпір. Солармен қатар айдаһар, жеті басты жылан, алып қара құс, тұлпар ат, басы алтын, арты күміс киік сияқтылар араласып отырады. Бұлардың бір тобы ертегі кейіпкерінің досы болса, бір тобы қас жауы болып әрекет етеді. Бұл кейіпкерлердің арасында кейде дос, кейде қас болып кездесетіндері де бар. Оларға таусоғар, көлжұтар, көреген, желаяқ, саққұлақ, жұмбақ жар, жылан патшасы, басы алтын киік жатады.

Қиял ғажайып ертегілерінде зұлымдықты жеңетін күш-адам. Ол не әлсіз бала жігіт, не кедейдің жалғызы, не адал еңбекпен күнін көрген аңшы мен мерген ер болып келеді. Қиял-ғажайып ертегілеріндегі адамға дос күштерден адамзаттың арманын тануға болады. Мысалы, «алты айлық жерді алты аттайтын тұлпар», өзі ұшатын кілем, көреген батыр, саққұлақ, желаяқ адам-адамның ұлы армандарын білдіреді. Адам аяғы баспаған жерді көрсем, танысам, табиғат құпиясын ашсам деген арманынан туған дүниелер қиял ертегілерде кеңінен орын алған.

## II. Негізгі бөлім

### 2.1 Ертегілердің классификациясы:

Ертегілер фольклорлық (халықтық) және әдеби ертегілер болып екіге бөлінеді. Әдеби ертегілер авторлық ертегілер болып бөлінеді, өйткені өз авторы бар. Автор өз ертегісінде басты кейіпкерлерді өзі ойдан шығарады, өз сюжеттерін ойлап табады, біз сондықтан бұл ертегі Пушкиннің, Әуезовтың ертегісі деп есте сақтаймыз. Фольклорлық ертегілердің жеке авторы жоқ, өйткені ертегілердің авторы- қарапайым халық. Халық ауыз әдебиетінде ертегілер ғасырдан-ғасырға ауызша түрде жетіп отырған. Ертегілерді 200 жыл бұрын жазбаға түсіре бастаған.

Ертегілер өз сюжетіне байланысты халық ертегілері қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, шыншыл, аң-құстар, жануарлар туралы болып бөлінеді.

Халықтың қиял-ғажайып ертегілерінен аңшы мергендер, қайраты мол ер жігіттермен қатар еңбек адамдарының да ерліктері орын алады. Еңбек адамдарының неше түрлі ғажайып жағдайда жасаған ерлік істері, оларға ұшатын кілем, сөйлейтін жануарлар тағы басқа заттар көмектеседі.

Тұрмыс-салт ертегілерінің кейіпкері қарапайым адамдар. Адамдардың шыншылдығы, озбырлығы және өмірдегі қиындықтар жайлы баяндалады. Бұл ертегілер өте қысқа сюжеттері бір бағытта болып келеді. Бұл жерде алыс сапарға шығуы, ғажайыпқа тап болу туралы баяндалмайды. Бір жергілікті ауылды суреттеп баяндалады.

Жан-жануарлар туралы ертегілерді барлығымызға жақсы таныс, олардың кейіпкерлері: қу-түлкі, қорқақ-қоян, озбыр қасқыр, «Аю, қасқыр, түлкі бөдене», «Аю түлкі және арыстан», «Қоянның зары», «Күшік пен мысық» т.б. ертегілер жатады.

Тұрмыс-салт ертегілерде қойшы малшы, бақташылардың тұрмысы суреттеледі. Бұл ертегілерің өзіне тән ерекшелігі өмірде болатын жағдайлар мән болмайтын нәрселердің араласып отыруы. Тұрмыс-салт ертегілеріне «Бозінген», «Аю, түлкі және қойшы», «Арыстан мен кісі» сияқты шағын, тәрбиелік мәні зор ертегілер жатады. Шыншыл ертегілер-қазақ ертегісінің ең мол мұрасы. Шыншыл ертегілердің қаһармандары қиялдан туған бейнелер емес, қарапайым еңбек адамдары. Шыншыл ертегілерде күнделікті тұрмыс, қоғам, бай болып келеді. Мұндай ертегілерде күнделікті тұрмыс, қоғам, қатардағы адам мәселелері сөз болады. Адамның ақылы мен айласы жауыздықты жеңеді. Шыншыл ертегілерге «Аяз би», «Айралы тазша», «Дүмше молда», «Атымтай Жомарт» және т.б. ертегілер жатады.



**2.2 Қиял-ғажайып ертегілердің ерекшеліктері:** Біз өз зерттеушілік жұмысымызда қиял-ғажайып ертегілерді зерттедік. Қиял-ғажайып ертегілер сюжеті бойынша басқа ертегілерге карағанда өте күрделі. Ертегінің құрылымы басты кейіпкердің барлық кездескен қиындықтарды жеңіп шығуда керемет адамгершілік қасиетін көрсете отырып суреттелуі. Басты кейіпкердің қиындықты жеңуде сиқырлы заттардың көмектесуі және олардың тапқырлығы туралы баяндалады. Ертегілердің мазмұнына байланысты кішігірім эпизодтан тұрады.

**Ертегілер мазмұнына байланысты кішігірім эпизодтардан тұрады:**

Қазақ ертегілері:	Орыс ертегілері:
«Ерте, ерте, ерте екен, Ешкі жүні бөрте екен...»	«В некотором царстве, в некотором государстве...»
берілген сертті бұзуы	
жорыққа шығу (басты кейіпкердің қиыншылықты жеңуі)	
жаза қолдану	
ғажайып көмекшілер	
мақсат-мұратқа жетуі	
сиқырлы элементтерді қолдану арқылы жауға тез жетуі	

Қиял-ғажайып ертегілерінің өзінше басталуы мен аяқталу ерекшеліктері:

Қиял-ғажайып ертегілерінің тағы бір ерекшелігі-өзінше басталуы мен өзінше аяқталуы.

Қазақ ертегілері	Орыс ертегілері
“Есте жоқ ескі заманда”	«...Стали они жить – поживать, добра наживать да медок попивать»
“Баяғы өткен заманда, дін мұсылман аманда”	«...И я там был мед-пиво пил: мед говорят был горек, а пиво мутно. От чего бы такая притча?»
“Ерте,ерте, ерте екен, ешкі жүні бөрте екен”.	«...Стал он с царевною жить да поживать, и теперь живут— хлеб жуют»
“Барша мұрат басына жетіпті, сақалы сирағына жетіпті”	«На море, на океяне, на острове Буяне, стоит дерево – золотые маковки»
“Мұратына жетіпті”	«Жили-были старик со старухой была у них внучка Машенька»
“Сөйтіп олар, ел-жұртын жинап той жасапты”,-деп аяқталады.	«За тридевять земель жил царь стороны той государь»

Қиял-ғажайып ертегілердің құрылымы туралы тағы бір атай кететін нәрсе, олардың тіл кестесі, сөздік құралдары, жалпы әңгімелену ерекшелігі туралы. Бұл ертегілердің айтылу әдетіне өзінше басталу, өзгеріс аяқтаулар болады. Әңгімелеу үстінде белгілі бір кезеңдерде арнаулы кейіпкерлер оқиғаға араласқанда айнымай айтылып отыратын сөз айшықтары оқшау сөздерге кесте құрдық.

## 2.3 Қиял-ғажайып ертегілердің ұқсастықтары мен ерекшеліктері

<b>Ұқсастығы</b>	
<i>Қазақ ертегісі</i>	<i>Орыс ертегісі</i>
<b>I.</b>	
Ерте-ерте, ертеде.....,ешкі құйрығы бөртеде.... Баяғы өткен заманда.....	«Жили- были... «В далеком городе жил царь
<b>II. Ертегілердің құрылымы</b>	
Үш батыр, үш әпке, басты кейіпкердің қиын жағдайға тап болуы, елін, жерін қорғау үшін үйінен алыста болуы . Жаулары ұрлап кеткен қас сұлу ханшайымды іздеуі, сиқырлы, ғажайып заттарды тауып алу арқылы өз жауларынан қорғануы. Ержүрек батырлығының арқасында елін жерін қорғағаны туралы айтылады.	
<b>III. Жағымсыз кейіпкерлер.</b>	
Мыстан кемпір, таусоғар, айдахар, алып дәу, жезтырнақ.	Баба – Яга, чудо-юдо (трёхглавый змей), великан,Кащей Бесмертный,Леший.
<b>IV. Сиқырлы заттар</b>	
Ұшатын кілем, сиқырлы сыпырғыш, ғажайып айна, өлі су мен тірі су .	
<b>V. Адам тілін білетін аң-құстар.</b>	
Бөрі, Самрұқ, қызыл сиыр.	Бүркіт.
<b>VI. Ертегілердің бақытты аяқталуы.</b>	
Зұлымдықты жеңіп, бақыттың орнауы. Батырдың барлық тосқауылды жеңіп, ханның қызын қалыңдыққа алуы.	

<b>Өзгерістер:</b>	
<b>Қазақ ертегісі</b>	<b>Орыс ертегісі</b>
<b>I. Ертегінің басталуы</b>	
<p>“Ерте, ерте ерте екен, Ешкі жүні бөрте екен, Қырғауылы қызыл екен, Құйрық жүні ұзын екен»- деген жолдармен басталады. “Барша мұрат басына жетіп, сақалы сирағына жетіп бір жан өмір сүріпті”.</p>	<p><b>Ертегінің басталуы:</b> На море, на океяне, на острове Буяне, стоит дерево — золотые маковки. По этому по дереву ходит кот-баюн: вверх идёт песню заводит, вниз идёт сказки сказывает. Это ещё не сказка, а присказка, а сказка вся впереди.</p> <p><b>Ертегінің аяқталуы</b> Стали они жить благополучно — в радости и спокойствии, и теперь живут, хлеб жуют.</p>
<b>II. Сикырлы сөздері</b>	
<p>Мына қақпадан өтсең жер бетіне бірақ шығасың, «құс аяқты үйшігім, барар жерім қашықтым, сұңқарымнан айрылдым, оны табу онай ма?, орманға қараған бетімді маған бұрсаң болмай ма?</p>	<p>«Избушка, избушка на курьих ножках, повернись к лесу задом, ко мне передом!», «Сивка-бурка, вещь каурка, стань передо мной, как лист перед травой»</p>
<b>III. Үнемі қайталанып отыратын эпитет</b>	
<p>Шал мен кемпір өмір сүрді</p>	<p>Иван-Царевич, добрый молодец, красно солнышко, Василиса Премудрая</p>
<b>IV. Аңыз ертегілер</b>	
<p>Жер-су аттарының шығу тарихы туралы: «Оқ жетпес» шыңы, «Жұмбақ тас» туралы, «Балқаш көлі», Атақты сәйгүлік-тұлпарлардың шығу тегі туралы айтылады.</p>	<p>Орыс ертегілеріндегі аңыз ертегілер түрлерін зерттеудеміз</p>

**2.4 Қазақ, орыс қиял-ғажайып ертегілерін оқи отырып, ертегілердің құрылымы мен көріністерінің ұқсастығына байланысты, ертегілерді сараптай келе кесте құрдық.**

Қазақ ертегісі	Орыс ертегісі
“Алтын құс және сұр қасқыр”.	Иван-царевич и Серый волк
“Қаншайым мен жеті өнерпаз”.	“Сем семионов”.
“Үш ағайынды жігіт”.	“Сивка-бурка”.
“Жетім Ғаббас”	“Волшебное кольцо”
“Тазша бала”	“Хитрая наука”
“Апалы-сәңілі үш қыз.	“Во лбу солнце, на затылке месяц”.
Батырлар туралы ертегілер.	“Три богатыря”.
“Қызыл сиыр” ертегісі..	Крошечка-Хаврошечка”
“Патшаның үш қызы”.	“Аленкий цветочек”.
“Ақ қасқыр”	Царевна-лягушка”

**2.5 Қазақ ертегілерінің ерекшеліктері:**

Қазақ қиял-ғажайып ертегілерінің ерекшелігі жылқы малы туралы бір отбасының кенже баласы туралы көп айтылады. «Керқұла атты Кендебай», «Аңшы бай» «Мұрагер», және т.б.

Қиял – ғажайып ертегілер – шығу тегі жағынан ертелік прозаның ең көнесі. Алғашқы қауымда пайда болған, жанрлық жанынан біркелкі емес. Бас қаһармандары: аңшы, мерген, кенже бала, тазша бала, жауынгер, батырлар, қарапайым халық. Ертедегі табиғаттың дүлей күштерімен алысып, күнделікті өмір үшін аң – хайуанаттармен күрескен кезде халықтың арманы соларды жеңетін күшті батыр, балуан, мерген болды. Ал кейінгі дәуірде рулық қоғам тұсында халықтың арманы- өз елін бөтен елден, жаудан қорғайтын батыр

Қазақ ертегілерін оқыған оқушылар ертегідегі ғажайып достарының көмегімен мейірімді, адал достықты ардақтайды, оның күшіне мол сенім білдіреді. Оқушы барлық заттарға көзқарасы өзгеріп, кішіпейілдікке, мейірімділікке, дос болуға ішінен ой қорытады.

Бертін келе, экономиканың ілгері дамуы, қоғамдық қарым-

қатынастардың алға басуы, адам баласының дүние танымының, ой-өрісінің, сана-сезімінің ұлғайып өсуі жалпы халық шығармаларына, соның ішінде ертегілерге көп әсер еткен. Осы негізде ертегілердің алғашқы үлгілері әр түрлі өзгерістерге ұшырап, жаңа ертегілер туа бастаған және онда адам баласының арман-мүддесі, ой-санасы, болашақтан күтетін үміті суреттелген. Осы ретте туған ертегілерден адам баласының тұрмыс-тіршілігі, өмірі, ісі басты орын алады, қоғамдық-мәні бар мәселелер көтеріледі. Бұлардың бәрін халық ертегілері көркемдеп суреттеу, образдар арқылы бейнелеген. Бұл секілді жағдайларды қазақ ертегілері де басынан кешірген деуге болады. Алайда, қазақ ертегілерін сөз сткенде, біз оның ең алғашқы үлгілері, олардың мазмұны, көркемдік дәрежесі қандай болғандығы жайын анықтап айта алмаймыз. Өйткені ол ертегілер алғашқы айтылу қалпын сақтай отырып, біздің дәуірімізге жеткен смес. Ауыз әдебиетінің басқа түрі секілді, ертегілерде ауызша шығарылып, ауызша тарағандықтан әр түрлі өзгерістерге ұшыраған, бір ертегіге бірнеше ертегінің әңгімесі қосылып араласқан. Бергі заманда туған ертегілер ертсе заманда шыққан кейбір ертегілердің алғашқы үлгілерін, олардың оқиғаларын бойына жинай да жүрген.

Осыған байланысты тағы бір жайды ескерте кетелік қазақ тілінде ауызша айтылып келген ертегілердің барлығын бірдей қазақ халқы шығарған жоқ қазақ ертегілерінің ішінде ағайындас-аралас, көршілерден, атап айтқанда: орыс, қырғыз, өзбек, түркімен, татар, башқұрт, қарақалпақ халықтарынан алынған, бізге сіңісіп кеткен, өзіміздің төл-тумамыз болған ертегілер де бар.

Бұл алуандас ертегілер кездейсоқ түрде келіп енбеген. Ол қазақ халқымен көршілердің арасында көп заманға созылған экономикалық, ағайын-достық қарым-қатынастардың негізінде енген. Сөйтіп, қазақ халқы бұл ертегілердің жалпы мазмұнын алып, мәнерлеп әңгімелеген, өзінің тума шығармасы стіп жіберген. Сондықтан да біз оларды қазақ халқының ертегісі деп қарауға тиістіміз, қазақ ертегілерінің ел арасынан жиналып, хатқа түсуі, баспа жүзіне шығуы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бұл ретте Шоқан Уәлиханов, Г. Н. Потанин, В. В. Радлов, Диваев. Олар: А. Е. Алекторов, А. Васильев, Н. Пантусов, Бибіт Дауылбаев, Ташмұхамбет Сейфуллин, О. әлжанов, Ж Айманов, Б. Досымбеков, М. Ибрагимов, т.б.

## 2.6 Орыс ертегілерінің ерекшелігі:

Орыс қиял-ғажайып ертегілерінде жиі қайталанып отыратын кейіпкерлер; добрый конь-мейірімді жылқы, серый волк-сұр қасқыр, красная девица-әдемі қыз, добрый молодец-мейірімді жігіт, т.б. Орыс ертегілерінде ерекшеленіп тұратын сөздері; солнце красное, буйную голову повесил, т.б. Ертегілерде жиі кездесетін еркелетіп айтылатын сөздер; маленький, братец, петушок, солнышка, т.б. Тағы бір байқағаным күшейткіш сөздер өте көп айтылады; то, вот, как?, вот чудо-то!, пойду-ка я направо!, что за чудо!, т.б.

Ертегілер қарапайым халыққа түсінікті тілмен жазылған. Қиял-ғажайып ертегі шындықпен ұласып жатыр. Адамның арман-қиялынан туған. Қазақ және орыс ертегілерінің ұқсастығы жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге шақырады, қиыншылықты жеңіп шығып, жақсы өмір жасауға үндейді.

Орыс ертегілерінде даналық сөздер, өлең жолдарымен ұйқасып келеді. Ертегілерді жиі кездесетін басты кейіпкер Иван-царевич, өз елінің қорғаушысы, алып күш иесі болып суреттеледі. Ал Елена Прекрасная, Василиса Премудрая, әйел затының әдемілігі, ақылдылығын, махаббатқа беріктігін суреттейді. Ертегілердегі жағымды кейіпкерлер шаруа адамдары, болып келеді. Патшаның отбасы, сол елдің адамдары жайлы айтылады.

Орыс ертегілері алғаш жазбаға түсірген А.Н. Афанасьев ең көне ауыз әдебиетін жинаушы болып есептеледі. Орыс ауыз әдебиетін жинауда В.И. Даль балалар ауыз әдебиетін жинауда өз үлесін қосты. Орыс ертегілері де үш топқа бөлінеді. Жануарлар, қиял-ғажайып, тұрмыс-салт ертегілері болып бөлінеді. Ең кең танылған жануарлар туралы ертегілерде де сиқырлы заттар қолданылады.

## 2.7 English folk tales.

A tale is understandable absolutely by everybody. It doesn't depend on a language or a nationality. It has been living for ages. Every nation has its own fairy tales. The soul of the people, their wisdom, thoughts and aspirations are reflected in tales.

Comparing Russian, Kazakh and English fairy tales, we must say that English collections of the fairy tales were gathered and recorded later than Russian or Kazakh ones. The first collections of the tales appeared at the end of the 19th century. For the first time the President of English folk club Joseph Jacobs collected and published two volumes of English fairy tales. Some English tales resemble tales of other nations, such as German or French. This is due to the fact that the historical fate of Britain, France and Germany had been closely linked in the past. But in the core English fairy tales remained unique.

English fairy tales are very diverse. They involve fictional characters, evil forces. Some tales are about ogres where usually a simple peasant's son Jack's struggles with them and becomes a winner.

Some of the characters of fairy tales are hardworking, honest, noble and brave; some of them are real folk heroes of their nation. So, Jack, a peasant's son, is a character of the tale "Adventures of Jack the Giant-Killer", fighting with ogres, initially thinks only about the award, but then becomes a true fighter for the liberation of his people from the giant villains.

Characters of other British fairy tales are not always virtuous; they are able to trickery and deception, although these people's features were valued in bourgeois England, where capitalism was the earliest in the world. For example, cheating ogres, the girl Molly from the fairy tale "Molly Whippy" and Jack in the fairy tale "Jack and the Beanstalk" seek happiness for themselves and their families. Humor which is so typical for the English is manifested in tales with great force. Many of the fairy tales are humorous.

English folk tales have been attracting many writers for a long time with their originality and uniqueness. English writers use images and scenes from folk tales in their works.

Russian writers had also shown an interest to the English fairy tales. Tolstoy retold the English fairy tale "The Three Bears" for Russian children. S.V. Mikhalkov interpreted the famous English fairy tale "The Three Little Pigs." It was interesting to learn that the English version of the terrible oath of the pig sounds like this: "I am swearing by my beard-beard!" This is, apparently, the fact that initially goats but not pigs were the main characters of the tale. In English folklore there are some versions of the same tale. For example, there are three variants of the tale "The three bears". In the first variant a little girl with golden curls comes to the bears' house, in the other this is an old



woman, and in the third it's the fox. All of them are interesting for reading and comparing. Tales "Catkin" and "The cap of Rushes" also seem the same but if we read carefully we'll immediately clear the difference between them. Thus, such English tales as "The Gingerbread Man" and "Johnny-cake" also have many similarities, but actually they are two different stories. By the way, they both have a lot in common with the Russian fairy tale "Kolobok" and Kazakh «Baursak».

**Comparing of these three tales we can mention the following similarities:**

The structure of the tales:

- 1) The small size of the text;
- 2) The simplicity and elementary nature of the plot;
- 3) Peculiar features of the composition;
- 4) Overlaying of one episode to another;
- 5) Repeated episodes;
- 6) The climax;
- 7) Decoupling.

**Description of the characters**

Колобок круглый. Он по сусекам поскребен, по амбару метен. Из двух горстей муки, замешан на сметане, изжарен на масле.

A chocolate jacket and raisins for buttons, and he had currants for eyes and a cherry for a mouth.

**Actions of the characters:**

Колобка испекли, положили на окно остужаться. Ему надоело лежать на окне, и он покатился с окна на завалинку, с завалинки на траву, с травы на дорогу.

Бежит только колобок

When it was time to take the Gingerbread Boy out of the oven, she opened the oven door, and took out the tin. But in a moment the Gingerbread Boy jumped on to the floor, and ran out of the back door and down the road.

The little old man and the little old woman ran after him.

**Kinds of address:**

Колобок, колобок, я тебя съем. Я колобок, колобок, По амбару метён, По сусекам скребен, На сметане мешен, В печку сажён, Я от дедушки ушел, я от бабушки ушел: От тебя, ..., не хитро уйти.

"Stop, little Gingerbread Boy I want to eat you!" Run! Run! as fast as you can, You can't catch me, I'm the Gingerbread Man!"

**The beginning of the tale:**

Жили-были Старик со Старухой, и попросил испечь колобка.

Once upon a time there was a little old man and a little old

woman, and they lived in a little old house. They hadn't any children, so one day the little old woman made herself a little boy out of gingerbread.

#### **Culmination of the tales:**

Колобок поет, а лиса подкрадывается и просит его сесть на нос.

When he had gone a little farther, the fox said:

"You may get wet where you are. Jump on to my shoulder."

So the little Gingerbread Boy jumped on to the fox's shoulder.

#### **Decoupling of the tale**

Лиса его – ам!- и съела.

As soon as the fox reached the bank of the river, his teeth snapped at the Gingerbread Boy!

"Oh, I'm a quarter gone!" said the little Gingerbread Boy.

"Oh, I'm half gone!" he said a minute later.

"Oh, I'm three quarters gone!" he said the next minute.

#### **Conclusion**

1) Comparing English, Kazakh and Russian tales I can tell you that Russian and Kazakh tale is more lively and imaginative. It's connected with an ancient tradition of retelling tales using music and acting.

2) Not only these fairy tales but English ones teach a reader to distinguish good, bright start from the evil, to empathize and help the weak, to believe in justice.

3) Fairy tales written in English like the Russian and Kazakh fairy tales provide readers an opportunity to get acquainted with the traditions, culture of the country.

4) In a tale of Russia we noticed more epithets, sound imitation, songs.

5) Superimposition of one episode to another is typical for the tales of three countries.

6) As a rule there is no introduction and ending in an English tale (such as жили – были, я там был).

7) Also I found out more tough completion in English tales.

8) Also strict sequence of events is inherent in for English fairy tales.

## **Қорытынды**

Біз қиял-ғажайып ертегілерді танып біле келе, ертегідегі кейіпкерлерді түсінеміз, жағымды кейіпкерге ұқсағымыз келеді. Зұлымдықпен жақсылықты тани білеміз. Өмірде кездесетін қиындықтарды жеңе білуге, адамдардың жақсы қасиеттерін бағалай білуге үйретеді. Қиял-ғажайып ертегілер әлемді танып білуге үйретеді. Адам қиялының ұшы-қиыры жоқ екенін білеміз.

Қазақтың Қиял - Ғажайып ертегілері жанрлық жағынан біркелкі емес. Оның құрамында алғашқы қауымға тән қарапайым, әңгімелермен бірге батырлық ертегілер кездеседі, сондай-ақ, тұрмыс-салтқа байланысты шығармалар ұшырасады. Демек, біздің Қиял - Ғажайып ертегілерміз жанр жағынан дараланбаған. Қазақ Қиял - ғажайып ертегілердің тағы бір ерекшелігі - үнемі үдерісте болуы, яғни бір жанрдың екіншіге ауысып отыруы. Осы себепті Қиял - ғажайып ертегілерінің біразы жанрлық өзгеріске ұшыраған, олар қиял-ғажайып пен тұрмыс-салт ертегілерінің аралық жанры сияқты. Кей жағдайда Қиял - ғажайып ертегілері бүтіндей тұрмыс-салт оқиғаларын баяндап келеді. Қиял - Ғажайып ертегілердің құрылысына батырлық жыр үлкен ықпал еткен. Көптеген Қиял - ғажайып ертегілердің сюжеттік желісінде батырлық жырларындағыдай тұрақты кіріспелер мен қорытындылар бар. Әдетте, сюжеттің кіріспесінде ертегі қаһарманның дүниеге келуі мен оның дүниеге келуі туралы әңгімеленеді және қартайғанша бір балаға зар болған ата-ана туралы,

құдайдан бала сұрап, әулие-әмбиелердің басына түнеп, жалбарынады. Кемпір-шалдың тілегі қабыл болып, бала сүйеді. Ол - ертегінің бас кейіпкері, батыр, ержүрек жауынгерлер. Ал қаһарман туралы әңгіме біткен соң негізгі сюжетке жалғасатын қорытындыда кейіпкер мен оның жанындағылардың бұдан кейінгі тағдыры сөз етіледі. Қорытындыдағы бас кейіпкер көп жағдайда, негізгі сюжеттегі қаһарманның баласы немесе інісі болады. Ол ендігі жерде ағасы не әкесі бастап, үлгере алмай кеткен істі тындыруы тиіс. Қазақ Қиял - Ғажайып ертегілерінің сюжеттік құрамы біркелкі емес. Әлденеше халық, ұлтқа ортақ халықар. Сюжеттер де, көрші халықтар ертегілерінің нұсқалары да, қазақтың өзіне тән оқиғалар да ертегілерге негіз бола береді. Бұл кездейсоқ емес. Қазақ халқы өмір бойы басқа халықтармен қоян-қолтық аралас, тығыз қарым-қатынаста болды. Ерте заманда туып, көне дәуірдің көріністерін сақтап келсе де, Қиял - ғажайып ертегілер қазақ халқының тұрмысын, салтын бейнелейді, күнделікті өмірін көрсетеді. Қиял - Ғажайып ертегілердің бас қаһарманы, эстетикалық мұраты - халық арманы. Қазақ

ертегілерінің бас қаһармандары, аңшы-мерген, жауынгер-батыр, кенже бала, тазша және басқа да әлеум. Теңсіздіктен жәбір көрген, әділдік іздеген бұқара өкілдері ("Қаңбақ шал"). Бұлардың бәрі халық арманынан туған кейіпкерлер

Енді ол - ыдырап бара жатқан қоғамның дәстүрін қолдаушы, ата жолын қуушы. Қиял - Ғажайып ертегілер өмірге тікелей жақындап, бұқара арманын дәріптейді.

Қиял-ғажайып ертегілердің тәрбиелік мәні теренде жатқанын танып білеміз. Ертегілер әсіресе 5-6 сыныпта оқитын өзге ұлт өкілдерінің тілдік кедергілерді жеңуге аса үлкен көмек. Оқушының ауызекі сөйлеу тілін дамытады, мәнерлеп оқуға машықтандырады, шығармашылық тұрғыдан қиялдауын дамытады. Оқушының болашаққа деген сенімі артады.

Екі халықтың ғасырлар бойы достық қарым-қатынаста болғандықтан, ауыз әдебиетіндегі қиял-ғажайып ертегілерде өте ұқсас сюжеттер көп. Ертегілерді оқып, салыстыра келе екі халықтың тұрмыс жағдайындағы ерекшеліктерді анық көреміз.

Ертегілердегі ұқсастық - екі халықтың да зұлымдықты жеңіп, жеңіске жетуі, ойлаған мақсат, тілектеріне жетуі. Табиғатқа табынуы, қарапайым адамдардың шеберлігіне тәнті болу, сүйіспеншілікке, достыққа сенуі. Тәрбиелік мәні теренде жатқанын көреміз

### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ :**

1. “История казахской литературы” 1-2 том. 1948.1960г. М. Әуезов.
2. В стране сказок ( сказки, легенды, басни). Б.Ш. Казиев. Алма-Ата. “Мектеп” 1983 г.
3. “Алтын сақа” по мотивам народной сказки (халық ертегінің ізімен) Алматы. “Атамұра” 2006 г.
4. Казахские народные сказки “Жазушы” Алма-Ата.1971 г.
5. Қиял -ғажайып ертегілер. Алматы “Аруана” баспасы 2010 ж.
6. Ерте, ерте, ертеде.... . Қазақ ертегілерінің антологиясы. Алматы “Аруана” баспасы. 2010 ж.
7. Русские народные сказки. Сборник. Детская литература,1983 г.
8. Мелетинский Е. М, Герой волшебной сказки. Происхождение образа.-1958 г.
9. Пропп В. Я. “ Морфология сказки” Москва. 1974г.
- 10.“Народные русские сказки”. Москва “Художественные литература” 1989 г.
- 11.Казахские народные сказки “Жазушы”. Алма-Ата. 1982 год.
- 12.Волшебное кольцо” Москва “Дом” 1993 г.
- 13.“В три девятом царстве в три десятом государстве” Ленинград “ Детская литература” 1991 год.
- 14.Қасқабасов С. “ Казахская волшебная сказка. Алматы-1972 год